



ӘЛНАЗАРОВА ТЕСТ САТЫП ЖҮР

ҚАБЫРҒАЛАР СӨЙЛЕГЕНДЕ

(әңгіме)

ҚОСАНОВТАРДЫҢ ЖОЛЫН ДЖЕРУТОЛАР ЖАЛҒАЙДЫ

➔ 5-бетте

➔ 7-бетте

➔ 8-бетте

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

КИІКТІ ҒАНА ЕМЕС, ЛАТИФУНДИСТЕРДІ ДЕ АУЛАУ КЕРЕК

Киік мәселесі қоғамда қайта қоздады. Осы күнгі санақ бойынша олардың саны шамамен 4 млн. Ал қазір төлдеп болып қалғанын ескерсек, кем дегенде 5 млн-нан асып жығылады деген сөз. Ауыл шаруашылығы министрлігінің есебі осындай. Ендігі сөз, сол мыңғырған дала жануарынан ауыл шаруалары зардап шегіп отырғанын айтып, дабыл қақты. Соңғы үш-төрт жылда дау болып келе жатқан осы түйткілдің әлі күнге нақты байламы жоқ. Мәжілісте өткен аптада арнайы сөз болған осы тақырыптың талқысы қалайда киік санын қолмен реттейтін болып біткен. Ал пынтуайтында қалай?

Ербол ТҰРЫМБЕТ
Астана

Бесеудің төртеуі БҚО-да жүр

Қазақстан территориясында киік популяциясының үш түрі бар. Бірі – Маңғыстау мен Ақтөбе облыстарының шекарасында Үстірт популяциясы. Одан кейін Бетпақдала популяциясы. Оған еліміздің орталық бөлігі мен Оңтүстік және Шығыс Қазақстанға дейінгі аймақтар кіреді. Ал БҚО аумағында Орал–Волга популяциясы, ол Атырауға дейін барып, бір шеті Ресейге өтеді. Байтақ даламыздағы табиғат сыйы дейтін осы жануарға енді экология мен ауыл шаруашылығы министрлігі қырын қарап қалған. Себебі ауылдағы шаруалардан түскен арыз-шағым қалайда бір шешім қабылдауға итермелейді.

➔ 2-бетте



Таңдау жасар күн жақын: АЭС-ті КІМ САЛАДЫ?

Қазақстан тарихындағы тұңғыш атом электр станциясы (АЭС) жобасы энергия саласындағы ғана емес, геосаяси тұрғыдағы маңызды бастамаға айналып отыр. Бұл жобаға төрт компания – Қытайдың CNNC, Ресейдің «Росатом», Оңтүстік Кореяның KHNPP және Францияның EDF таңдап алынғанымен, негізгі тартыс Қытай мен Ресей арасында өрбіп жатыр. Сарапшылар бұл таңдау тек технология мен бағаға қатысты шешім емес, сонымен бірге Қазақстанның сыртқы саясат бағытының көрсеткіші болады деп пайымдайды. Жақында Назарбаевтың Ресейге барып, Путинмен кездесуі АЭС айналасындағы болжамдарға шоқ түсіргендей болды.

Тұрсынбек БАШАР

CNNC vs «Росатом»: қай ел басым түседі?

Қытайлық CNNC (China National Nuclear Corporation) Қазақстанға HPR-1000 үлгісіндегі екі реакторын салуды ұсынды. Әрқайсысы 1 200 МВт болатын бұл қос блоктың жиынтық қуаты 2,4 ГВт-ты құрайды. Ең бастысы – Қытай тарапы жобаны бар-жоғы 5,5 млрд долларға салып беруге дайын екенін мәлімдеді. Бұл сома Қазақстан энергетика министрлігі бұрын болжаған 10–15 миллиард долларлық шығынның шамамен жартысына тең. Ал «Росатом» өз тарапынан қуаты ұқсас ВВЭР-1200 реакторларын ұсынған. Алайда ресейлік жобаның құны айтарлықтай қымбат: Қазақстан үкіметі басқа баламалы реакторлар (соның ішінде «Росатомдықі») кемінде 12–15 млрд қаржы талап ететінін хабарлаған. Яғни Қытай ұсынысы бағалық тұрғыда өте тиімді.

CNNC ұсынған HPR-1000 реакторлары Қытайда және басқа елдерге (Пәкістан, т.б.) сәтті экспортталып жатыр. Ал «Росатомның» ВВЭР-1200 реакторлары Ресейде және шет елдерде жұмыс істеп тұрған қуатты әрі сыналған технология саналады. Дегенмен Қытай жағы Қазақстанды өз жобасына тарту үшін айрықша қаржылық-технологиялық жеңілдіктер ұсынып отырғаны анық. Мәселен, CNNC Қазақстанға технологияларын беруге және отын өндірісі циклында толық Қазақстанның бақылау жасауына келісім беретінін ашық айтты. Бұл ұсыныс жергілікті мамандарды даярлау, ядролық отынды өзі өндіру арқылы энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан өте маңызды. Ресейдің «Росатомы» болса, әдетте ядролық отынмен ұзақ мерзімді жабдықтауды өз мойнында қалдыруды жөн санайды (мысалы, Түркиядағы Akkuyu АЭС-інде отынды «Росатом» өзі жеткізіп, станцияға иелік етеді).

➔ 3-бетте

ЖАҒАН

РЕСЕЙЛІК ПЕРЛ-ХАРБОРДАҒЫ ЗЕЛЕНСКИЙ МІНГЕН ТРОЯ АТЫ

Ресей Украинаға шабуыл жасағалы, екі жақ қан-қасап соғыс жүргізіп жатқалы 3 жыл 3 ай болды. Екі жақтан да соғыс шығыны орасан. Әсіресе Украинада бейбіт тұрғындар оққа ұшып, тұрғын үйлер қирап, халық жапа шегіп отыр. Ал Ресейдің соғыс құмар армиясы жүз мыңдап майдан даласында қырылып жатыр. Ал соғыстың тоқтайтын түрі жоқ.

Қуаныш ҚАППАС

Ақ үйге қайта оралған Дональд Трамп аяқасты бір тәулікте тоқтатамын деп уәде еткенде, бір тәулікте болмаса да, жұмық арада соғыс аяқтайтын болар деген үміт оянған. Бірақ АҚШ президентінің уәдесі бос сөз болып шықты. Керісінше, оның түсініксіз ұстанымы мен екіұшты мәлімдемелері жағдайды шиеленістіріп жіберді. Трамп бірде «соғыс оты тұтануына себеп болды деп» Украина президенті Владимир Зеленскийді айыптады, бірде «ақылынан алжасты» деп Ресей басшысы Владимир Путинді сынға алды. Еуропа елдері де бұл қақтығысқа қатысты батыл қадам жасай алмай отыр. Әлем жұрты кейінгі кезде бейбіт келіссөзден күдер үзе бастаған.

Бірақ мамырдың басында Мәскеу бетпе-бет келіссөзге ниет білдіріп, Түркияда кездесуге келісті. Тіпті Зеленский мен Путиннің өзі кездесуі мүмкін екені айтылған. Бірақ 16 мамырда Ыстамбұлдағы келіссөзден еш пайда болған жоқ.

➔ 5-бетте

КОЖАНАСЫР ТІРІ ЕКЕН...



Премьер-министрдің орынбасары, ұлттық экономика министрі Серік Жұмангарин 2020 жылдан бастап республикалық бюджет шығыстары шамамен 7-8 триллион теңгеге артқан дейді. Сөйтсек, мұның бір себебі пандемия кезінде халыққа берілген 42,5 мың теңгемен байланысты екен. Сондай-ақ Жұмангаринның айтуынша, 2022 жылы елде жалақы көлемі айтарлықтай ұлғайған. Бұған 2020–2022 жылдары болған 22 пайыз инфляцияны қосыңыз. Сөйтіп амалсыз Ұлттық қордан ақша алуға мәжбүр болған.

– 2020 жылдан бері қордан алынған қаражат деңгейі 5 трлн теңгеден түспеді. Шығыстарымыз неге өсіп кетті? Себебі пандемия кезінде адамдарға қаражат бердік, экономика жарты жыл дұрыс жұмыс істеген жоқ, адамдар үйде отырды, 41 мың теңгеден бердік. Азаматтарымызды қолдау үшін барымызды шаштық.

➔ 6-бетте

АЛЫСТАҒЫ ТАУЛАР

ҒАНИ ТУҒАН АРҒЫМАҚ ТӨБЕ

Бүгін, 3 маусым – Күншығыс жастарының көсемі атанған Ғани Мұратбаевтың туған күні. Ол қамшының сабындай қысқа ғұмырында кейінгі ұрпаққа азық боларлық, ұлты үшін аса мәнге ие ұшан-теңіз, өлшеусіз игілікті істерге ұйытқы болды. Басқасын айтпағанда, 19 жасында мына сіз парақтан отырған «Жас Алаш» газетін Ташкентте бастырып, шығаруға атсалысты. Алайда ол ұзақ ғұмыр сүре алмады, мендеткен ауруымен алысып жүріп, небәрі 23 жасында қыршынынан қиылды. Сүйегі де туған елінен шалғай, Мәскеудегі Ваганьков қорымына жерленді. Ғанидың тартысқа, таласқа толы, өнегелі өмірі бүгінге дейін жан-жақты зерттелді. Уақыт озған сайын Ғани тұлғасы да биіктей берері анық. Дегенмен Мұратбаев өміріне қатысты нақтылауды қажет ететін түйіндер де аз емес. Соның бірі туған топырағына қатысты. Біз бүгін «Жас Алаштың» алғашқы редакторының туған күніне орай белгілі қаламгер, журналист Қараша Қараманның Ғанидың туған жері туралы мақаласын ұсынуды жөн көрдік.

➔ 6-бетте

«ЖАС АЛАШҚА» ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚҚА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Индекс Жеке жазылушылар 1 айға 1 036,59 3 айға 3 109,77
65365 үшін: 6 айға 6 219,54 12 айға 12 439,09

«ЖАС АЛАШҚА» KASPI.KZ ҚОСЫМШАСЫ
АРҚЫЛЫ ДА ЖАЗЫЛА АЛАСЫЗ

Индекс Кәсіпорындар мен 1 айға 1 169
15365 мекемелер үшін: 6 айға 7 019,58

3 айға 3 509,79
12 айға 14 039,16

Айқап

Таңдау жасар күн жақын: АЭС-ті кім салады?



1-беттен

Сондықтан Қазақстан үшін Қытай ұсынысының тартымдылығы тек арзан бағада ғана емес, сондай-ақ технологиялық егемендікті қамтамасыз етуде болып тұр.

«Росатом» ықпалы бәсеңдеп жатыр ма?

«Росатом» корпорациясы ұзақ уақыт бойы Қазақстанда атом энергетикасы саласындағы ықпалды ойыншы болып келген. Бұған дейін екі ел арасында бірқатар стратегиялық жобалар қолға алынған. Мәселен, 2014 жылдың мамырында Қазақстанның «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы мен «Росатом» Қазақстанда ресейлік ВВЭР реакторы негізінде АЭС салу туралы меморандумға қол қойып, сол жылы қыркүйекте үкіметаралық келісімнің жобасы да дайындалған. Ол кезде АЭС-ті Шығыс Қазақстандағы Құрчатов қаласы маңында салу жоспарланған. Ресей жағы тіпті «кедендік одақтағы одақтасуымыз үшін әлемдік бағадан төмен, ішкі Ресей бағасымен сала аламыз» деп те уәде берген. Алайда бұл жоспар жүзеге асқан жоқ. 2016 жылы Қазақстан үкіметі электр энергиясына шұғыл қажеттілік жоқтығын алға тартып, АЭС құрылысын кейінге қалдырды.

«Росатомның» Қазақстандағы ықпалының төмендеуін көрсететін бір айқын мысал – уран өнеркәсібіндегі өзгерістер. Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші ел, әрі бұл салада Ресеймен кеңінен әріптестік орнатқан. Бұрын «Росатом» Қазақстандағы 14 уран кен орнының алтауын игеруге қатысып, одан шыққан өнімнің бір бөлігін иемденіп келген. Алайда Ресейдің Украинаға қарсы басталған соғысынан кейін қалыптасқан санкциялық жағдайда бұл ынтымақтастық Қазақстан үшін қауіпті факторға айнала бастады. 2024 жылдың соңында Қазақстан билігі «Росатомды» уран жобаларындағы үлестерін сатуға ашық түрде итермеледі деген дерек бар. 2024 жылы желтоқсанның орта шенінде ресейлік Uranium One («Росатомның» еншілес компаниясы) Қазақстандағы үш бірдей бірлескен кәсіпорындағы үлестерін қытайлық компанияларға сатып жіберді. Бұл кен орындары бұған дейін «Росатомның» Қазақстанмен бірлескен маңызды активтері саналады.

Шетелдік сарапшылардың айтуынша, Қазақстан «Росатом» қатысқан жобалардан бас тартуға саналы түрде ұмтылыс жасап жатқандай. Мұның басты себебі – Мәскеудің Украинадағы әрекеттеріне байланысты Ресей компанияларымен жұмыс істеу «саяси у төңірегіндегі тәуекелге» айналуы. Кейбір сарап-

шылар Астана «Росатом» үлесінің кетуін қалаған, өйткені «ол компанияның жобада болуы активті «токсичный» етіп, мүмкіндіктерді шектейді». Батыстың санкцияларынан қауіптенген инвесторлар Ресеймен байланысы бар активтерден бас тартуы мүмкін. Шынында да, Reuters агенттігінің мәліметі бойынша «Росатомның» қазақстандық кен орындарындағы үлесі «Қазатомөнеркәсіптің» Батыс нарығына уран сатуына кедергі келтіре бастаған. Қазақстанның өзі де инвесторларына «Росатоммен» байланысқан активтер санкциялық тәуекелге ұшыратуы мүмкін екенін ескерткен. Қытай компаниялары қазірдің өзінде Қазақстан уранының ең ірі сатып алушысы саналады, ал уран кеніштеріндегі ресейлік үлестердің кетуі Бейжіңнің позициясын одан әрі күшейтті.

Қытайды таңдау Мәскеу–Астана байланысына қалай әсер етеді?

Егер Қазақстан АЭС құрылысын салу құқығын Қытайдың CNNC компаниясына сеніп тапсырса, бұл қадамның Қазақстан–Ресей қатынастарына белгілі дәрежеде ықпал ететіні анық. Ең алдымен, Мәскеудің Орталық Азиядағы ықпалына соққы болмақ. Бұған дейін Орталық Азияда энергетикалық жобалардың көбіне Ресей жүзеге асырып келсе, енді стратегиялық маңызы зор АЭС құрылысының Ресей емес, Қытай үлесіне тиюі Кремль үшін бедел жоғалту болады. Сарапшылардың айтуынша, бұл жағдай «Ресейдің Қазақстандағы үстем рөлінің әлсіреп, Мәскеудің күші тіпті ядролық ынтымақтастық саласында да бәсеңсігенінің белгісі» болады. Ресей мұны геосаяси ықпал аясын тарылту деп қабылдауы мүмкін.

Кремльдің мұндай шешімге реакциясы салқын болатынын болжауға болады. Robert Lansing Institute сараптама орталығының есебінде, егер Астана Қытайды таңдаса, Ресей тарапы ресми наразылық ноталарын жолдап, энергетика саласындағы басқа жобалар бойынша ынтымақтастықты қайта қарауы, тіпті Қазақстан экспортына қатысты кейбір шектеу тетіктерін (мәселен, мұнай тасымалы құбырлары немесе теміржол транзиті бойынша) пайдалануы ықтимал деп жазылған. Сондай-ақ Мәскеу БАҚ арқылы Қытай жобасына күмәнмен қарауға, қоғам пікірін өзгертуге тырысуы ғажап емес. Мысалы, ресейлік БАҚ пен сарапшылар «Қытай Орталық Азияны экономикалық отарына айналдыруда» деген сияқты нарратив көтеріп, Қазақстан қоғамында теріс пікір туғызуға күш салуы мүмкін. Мұндай «жұмсақ

қысым» қадамдарын Ресей бұрын да өз ықпалын сақтап қалу үшін қолданып келген. Ал еуропалық бұқаралық ақпарат құралдарында да «Қазақстан Ресейден біртіндеп алшақтап барады» деген мәліметтер көп. Мысалы, германиялық RND басылмасы Украинадағы соғыстан кейінгі жағдайды сараптай келе: «Қазіргі қазақ үкіметі Мәскеуден мүмкін болғанша іргесін аулақ салуға бет алды» деп жазды.



Бірақ саясаткер Азаматхан Әміртай болса, бұл жағдайдың астынан саясат емес, экономикалық есеп іздеуіміз керек деп санайды. Оның сөзінше, қазір Қазақстанға ең арзан бағаны қай ел ұсынса, сол бізге тиімді болмақ. «Біздің сырттан келетін энергияға тәуелді екеніміз жасырын емес. Энергияны дамыту, қажеттілікті өтеу мақсатында АЭС салуды қолға алдық. Біз тек уран өндіріп қана қоймай, оны байытып, энергияға айналдырып, басқа елдерге сатып табыс та табуымыз керек. Бұл болашақ үшін де қажет. Мұны саясаттан бұрын, таза әлеуметтік жағдайды көтерудегі қажеттілік деп атар едім. Қазір барлық технологиясы озық елдер АЭС құрылысын бірдей етіп сала алады. Бізге керегі, қай ел арзан баға ұсынуында болып тұр. Қытай Ресейден екі есе арзан баға ұсынып отыр. Сыртқы қарыздарды ескере отырып, Қазақстан да сапалы арзан бағада АЭС салғысы келеді. Сондықтан Қазақстан азияны таңдайды. Саясаттан бұрын біз де болашақты ойлауымыз қажет. Қытай жыл сайын АЭС салып жатыр. Тәжірибесі бар. Ұсынысы да тиімді».

Дегенмен кейінгі жылдары Ресейдің санкциялық тәуекелдері артқаны да анық байқалып жатыр. Қалай болжасақ та, оның болжам болып қала беретіні анық. Бірақ 10 сәуірде Ресейдің сыртқы істер министрі Лавровтың Қазақстанда келуі, көп өтпей көрші елдің энергетика министрі Цивилевтің Тоқаевқа Путиннің «жеке сәлемін» жеткізуі бекер емес шығар. Бұдан бөлек, Кремльді мазалайтын тағы бір жайт – жақында «Қазатомөнеркәсіп» пен чехиялық EZ a. s. компаниясы арасында келісім жасалып, Қазақстан табиғи уран концентратын Чехияға жеткізетін болды. Бұған дейін бұл ел атамыш шикізатты Ресейден алып келген. Қазақстанның уран қоры әлемде ең ірі екенін ескерсек, бұл тек Чехиямен шектелмей, өзге де Еуропа елдері үшін жаңа баламаға айналуы ықтимал. Мұндай жағдайда Ресей уран нарығындағы ықпалынан айырыла бастайды. Ал Мәскеу үшін бұл стратегиялық және эконо-

Әсет НАУРЫЗБАЕВ, энергетик-экономист:

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЭС-ті РЕСЕЙ САЛАТЫНЫ АНЫҚ



– Қазақстандағы АЭС жобасы бастапқыда Ресейдің ең жоғары деңгейдегі лоббиінің арқасында пайда болды. Президент Тоқаев өзінің мемлекет

басшысы ретіндегі алғашқы шетелдік сапарынан дәл осы идеямен оралған еді. Кейінгі саммиттерде де Путин Тоқаевпен кездесуге «Росатомның» басшысын арнайы ертіп жүрді. Сондықтан объективті артықшылықтарға қарамастан, Қазақстандағы АЭС-ті Ресей салатыны анық. Кем дегенде «атом аралын», яғни реактор мен оған қатысты барлық ядролық инфрақұрылымды салып береді. Бұл жоба Тоқаевтың жеке бастамасы, Назарбаевтың оған қатысы жоқ. Ал Қазақстан «энергетикалық аралдың» құрылысы үшін Қытай компанияларын шақыруы мүмкін. Себебі Ресейде АЭС-ке қажетті турбогенераторларды өндіруде белгілі қиындықтар бар. Егер бүкіл жоба толығымен Қытайға тапсырылса, бұл Ресеймен арадағы қарым-қатынастың айтарлықтай салқындауына әкеледі және бөлкім, Каспий құбыр консорциумының терминалдарында тағы да кедергілер тууы мүмкін. Қазірге дейін «Росатомға» қатысты ешқандай санкциялар жоқ. Дегенмен Батыс елдері өздерінде уранды байыту өндірісін кеңейте бастаған сөтте-ақ, «Росатом» бірден санкцияларға ұшырап, «токсикалық» болып шыға келуі мүмкін. Қазақстанның Қытаймен жұмыс істеуді қарастыру себебі де – осы тәуекел. Жалпы мұндай ақпараттық сипаттағы мәлімдемелер мен ақпарат тарату – бұл Ресейге көрсетіліп жатқан сауатты қысым, түпкі мақсат – келісімшарттарын жақсарту. Бірақ, өкінішке қарай, шарттар жақсарғанымен, оның нәтижесін тұтынушылар (қарапайым халық) сезіне қоюы екіталай.

микалық тұрғыда аса ауыр соққы. Қытайдың «уранды байытып, оған қажетті мамандар даярлап береміз» деуі Ақорданың құлағына майдай жағуы әбден мүмкін.

Не десек те, жеңімпазды анықтайтын күн жақындап қалды. Қазақстан түпкілікті таңдауын екі апта ішінде жариялауы тиіс. Батыстық басшылардың болжамына сүйенсек, Астанаға Ресейге салынған санкциялық тәуекелдерді ескермей болмайды. Бірақ бұл шешімнің қандай да бір нақты бағыттағы геосаяси бетбұрысты білдіре ме, әлде Ақорда айта беретін көпекторлық саясаттың бір көрінісі ме – ол жағын алдағы күндері жарияланатын ресми мәлімдеме анықтайды.



ШЕРЗАТ ІСІ. АЙЫПТАЛУШЫЛАРДЫ ҚАНДАЙ ЖАЗА КҮТІП ТҰР?

Талдықорған қаласындағы сотта Шерзат Болатты өлтіру ісі бойынша сот процесі жалғасып жатыр. 2 маусымда прокурор айыпталушыларға жаза сұрады.

Шынасылдың кінәсі дәлелденді

Прокурор Дана Сәрсембайдың айтуынша, басты айыпталушы Абзал Шынасылдың Шерзатқа пышақ салғаны тергеу барысында анық дәлелденген. Сот отырысында прокурор оның жеті рет жауап бергенін, сол жауаптарының бірінде «Шерзатқа пышақ салдым» деген сөзін еске салды. Сонымен қатар куәлардың бірі



Абзалдың пышағын төбелестен кезін жуганын айтқан.

Прокурор Абзал Шынасылдың 23 жылға, Равиль Сәкиевті 20 жылға бас бостандығынан айыруды сұрады. Бұдан бөлек, Думан Ысқақты (кәмелетке толмаған) – 1,5 жылға, Дархан Әскентай, Шыңғыс Белгожаев, Нұрбол Тоқтаубаев және Дидар Қалиахметті 7 жылға соттауды ұсынды. Нұрқияс Лиясбаева – 9 жыл, Азамат Тоқтаубаевқа – 15 жыл сұралды.

Сондай-ақ прокурор сот процесінде екі әйелдің сотта шындықты толық айтпағанын мәлімдеді. Олардың көліктегі үңсіздігі мен Абзалдың «ештенге айтпаңдар» деген сөзі видео арқылы дәлелденген. Осыған байланысты прокурор бұл мәселеге жеке қаулы шығаруды сұрады.

Адвокаттар қандай уәж айтты?

Адвокаттар жарыссөзде сотталушыларды ақтауды, кейбірін бас бостандығынан айырмауды сұрады. Шыңғыс Белгожаевтың қорғаушысы оның әрекеті Қылмыстық кодекстің 293-бабының 1-бөлігіне ғана сай келеді деп есептейді. Сонымен қатар жөбірленушілердің сұрап отырған моральдық және материалдық шығынын өтеу міндетмесін алып тастауды өтінді.

Думан Ысқақтың адвокаттың оның ісінің резонанс алған соң ғана «күдікті» деп танылғанын айтты, өділетті қарауды сұрады. Айтуынша, бастапқыда ол тек қорғануға құқығы бар күегер болған.

Сондай-ақ сот барысында Дидар Қалиахметтің адвокаттары оның кінәсі дәлелденбегенін айтты, ақтауды сұрады. Алайда екінші қорғаушысы Гауһар Баймұханова төбелес кезінде қару алып шыққан жөбірленуші тарап екенін айтты, Шерзат Болат, Нұрқанат Гайыпбаев пен Қаржаубай Нұрымовтың үстінен де қылмыстық іс қозғау туралы ұсыныс жасады.

Қоғам назарын аударған бұл істің шешімі алдағы күндері белгілі болмақ.

Жангүл ЕСЕНИЯЗОВА

КРЕМЛЬДЕГІ КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ



деген пікірлер айтылды. Өрине, бұл тек болжам. Дегенмен мамандар Кремльдің Астана таңдауын Қытайға қарай ауа бастағанын сезіп, алдын алу үшін осындай дипломатиялық қадамдарға баратынын жоққа шығармайды.

Бірақ саясаткер Азаматхан Әміртай Назарбаевтың Кремльге баруын былай түсіндіреді:

«Путин оны қабылдау арқылы Қазақстан президентіне манипуляция жасап отыр. Сол арқылы психологиялық қысым көрсетпекші. Назарбаевтың кеңесшілері үлкен геосаяси келісімшарттар орнатылып жатқан кезде мұның соңы ойынға

айналып кетпеуі үшін оған түсіндіруі қажет еді. Қазір Назарбаев жай ғана зейнеткер. Путин «пенсционерді» пайдаланып отыр. Бұл біздің ел үшін өте қауіпті. Қоғам Назарбаевта әлі билік бар екен деп ойлап қалады. Әртүрлі манипуляторлар оны жұрт ішінде пайдаланып кетуі мүмкін. Оның соңы іріткіге алып келеді. Бүгінгі таңда осындай үлкен ойын жүріп жатыр. Бірақ Қазақстан егемен ел ретінде көрші елдерге мұндай іріткі салдыруға жол бермеуі керек. Меніңше, Назарбаев АЭС мәселесінен гөрі өзінің туыстарын, байлығын қорғау мәселесімен ғана барды», – дейді саясаткер.

Қайткенде де, Назарбаевтың бұл кездесуі жұрт ішінде өртүрлі пікір тудырды. Қалай болса да, бұл күтпеген кездесу АЭС жобасының айналасындағы геосаяси күрестің көріністерінің бірі ретінде қабылданды. Алайда Назарбаев айналасында пікір көбейіп бара жатқасын 2 маусым күні оның баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Назарбаевтың Ресейге сапарына қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, 29 мамырда өткен бұл сапар жеке өрі бейресми сипатта болған. Экс-президентті Путинмен көпжылдық достық қарым-қатынас байланыстырады. Бұл байланыс лауазымға тәуелді емес. Назарбаев Мәскеуге Желінің 80 жылдығына арналған іс-шараларға шақырылғанымен, ресми шараларға қатыса алмаған. Сондықтан кейінірек жеке сапармен барған.

АЭС жобасын кімге беру мәселесі геосаяси маңыз алғаны соншалық, Ресей бұл бәсекеде өз мүмкіндігін жібермеуге барынша тырысып жатыр. 2025 жылғы мамыр айының соңында Ресей президенті Владимир Путин Мәскеуде Қазақстанның бұрынғы президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесу өткізді. Кремльдің ресми өкілі Дмитрий Песков «бүгін президент Кремльде Қазақстанның бірінші президенті Н.Назарбаевпен кездесті» деп хабарлады, алайда кездесудің жай-жапсары туралы ақпарат беруден бас тартты. Кейін Кремль Назарбаев пен Путиннің құшақтасып, қол алысқан сәтін көрсететін қысқаша бейне жариялады. Мұндай бейресми жүздесу соңғы рет 2024 жылдың желтоқсанында болған, сондықтан алты айдан кейінгі кездесу сарапшылар арасында түрлі болжамдар туғызды.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, Путин-Назарбаев кездесуінің негізгі тақырыбы – осы АЭС болуы мүмкін. Өйткені «Росатом» қолдан шығып бара жатқан Қазақстан АЭС-і үшін барынша күресіп қаламақ. Ал Назарбаев Мәскеумен тығыз байланыста болған тәжірибелі саясаткер. Тіпті кей байламдарда «Мәскеу АЭС жобасы төңірегінде Нұрсұлтан Назарбаев арқылы Тоқаевқа қысым жасамақ»

Оянған өлке

ТАРАЗДЫҢ ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАРЫ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ғылым мен техниканың дамуы адамзат өркениетінің басты қозғаушы күшіне айналып отыр. Бұл үрдістен Қазақстан жастары да тыс қалып жатқан жоқ. Олар жаңа технологияларды меңгеріп қана қоймай, өз беттерінше тың жобалар жасап, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті екендерін дәлелдеп жатқаны рас. Ел болашағы – білімді, жаңашыл ұрпақтың қолында десек, жастардың инновациялық ізденістері осы үміттің негізсіз емес екенін көрсетеді.

Мәселен, Тараз қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушылары Аймер Қошмамбетов, Ерасыл Жұмақадыров, Алияр Сағандықов және Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің 2-курс студенті Құдырет Ахмет бірлесіп ASAR деп аталатын бірегей өнертабыс жасап шыққан. Бұл өнертабыс – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған инновациялық жоба. Құдырет Ахмет виза мәселелеріне байланысты АҚШ-қа бара алмағанымен, жоба авторлары қатарында. ASAR жобасы АҚШ-тың Делавэр университеті ұйымдастырған Diamond Challenge халықаралық байқауы аясында өткізілген Limitless World Summit саммитінде Қазақстан атынан ұсынылып, әлемдік деңгейдегі сахнада көпшіліктің назарын аударды. Тараздан аттанған жас өнертапқыштарды елге оралғанда қала тұрғындары мен мектеп ұжымы салтанатты түрде вокалда қарсы алған. Жобаның негізгі идеясы – дене мүмкіндігі шектеулі жандарға смартфон, ноутбук және тіпті мүгедектер арбасын басқаруға мүмкіндік беру. 17 жастағы Ерасыл Жұмақадыровтың айтуынша, құрылғының адамзатқа берері көп.

«ASAR – бұл цифрлық технологияларды басқаруға арналған прототип. Адамның миы

жұмыс істеп, басын қозғалтпа алса – жеткілікті. Жүйе үш негізгі технологияға сүйенеді: көздің қозғалысын тіркейтін камера, басты қимылдату арқылы басқаруға мүмкіндік беретін инерциялық сенсор және ми сигналдарын қабылдайтын электроэнцефалограмма. Жүйе адамның басына ыңғайланып киілетіндей етіп жасалған. ЭЭГ құрылғысы бастың бетіне тығыз жанасып, мидағы электрлік сигналдарды сыртқы кедергілерсіз қабылдауға мүмкіндік береді», – дейді Е.Жұмақадыров.

Бұдан бөлек, пайдаланушы Wi-Fi арқылы гаджетке қосылады. Осыдан соң ол смартфон немесе ноутбук арқылы басқа да құрылғыларды – теледидар, кондиционер, ақылды үй

ету қажеттілігі жобаның қарапайым әрі қолжетімді болуына кедергі келтіретінін түсініп, одан бас тартқан. Бұл шешім жобаның шығындарын азайту мен көпшілікке бейімделуіне жол ашты.

«Мәселен, адам қолын қимылдатқанда, мидың белгілі бір бөлігінде сигнал пайда болады. Бұл сигналды арнайы құралдармен қабылдап, микроконтроллерге беруге болады. Біздің жағдайда бұл – Arduino 4. Яғни ми импульсі кейін механикалық әрекетке айналады», – дейді Ерасыл.

Жастардың инновациялық жобалары – ел болашағына салынған берік іргетас. Бұл – тек ғылыми жетістік қана емес, сонымен қатар патриотизмнің,

ретіп жүрген кезде туған. Сол кезде олар бұл балалардың цифрлық технологияларға қол жеткізуі қиын екенін байқап, сөйтіп, өз беттерінше шешім іздеуге кіріскен. Бұл жұмысқа олар шамамен бір жыл бұрын кірісіп, жобаны өз қолдарымен құрастырған. Қажетті бөлшектер мен компоненттерді де өз қаржыларына сатып алған. АҚШ-та өткен байқауға дейін оқушылар ASAR жобасын онлайн түрде ұсынып, байқаудың екі кезеңінен сүрінбей өтіп, үшінші – негізгі кезеңге жолдама алған. Бұл тур АҚШ-та офлайн форматта өткен. Өкінішке қарай, финалға шайқан 20 үздік жобаның арасында жеңіске жете алмағанымен, команда үшін бұл тәжірибе үлкен жетістік болды. Командадағы басты техникалық жетекші және шабыт беруші Аймер Қошмамбетов екенін де атап өткен жөн болар. Ең қызығы, кейіпкеріміз жеті жасынан бастап робототехникамен айналысады екен. «Кішкентай балаларға арналған оқыту жиынтығын өзім құрастырдым – онда арнайы фишкаларды дұрыс орналастырып, робот жинайсың. Ұшақтар жасадым, қоқыс сұрыптау жүйесін, метеостанция, өртсөндіруші робот және басқа да жобалар жасадым. АҚШ-тағы қарсыластар өте мықты болды. Жеңімпаздар шынымен жеңіске лайық болды. Бұл менің мұндай халықаралық деңгейдегі алғашқы тәжірибем. Қателіктерден сабақ алып, келесі жолы жеңіске жетеміз деп сенемін», – дейді А. Қошмамбетов.

Айта кетерлігі, осы саммит аясында Ерасыл Жұмақадыров Limitless World Summit нұсқасы бойынша әлемнің ең үздік 25 жас көшбасшысының қатарына енді. Жастардың инновациялық жобаларын тек техникалық прогресс тұрғысынан бағалау жеткіліксіз. Көп жағдайда мұндай жобалар қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге бағытталады. Мәселен, ASAR секілді жобалар – инклюзивті қоғам құрудағы маңызды қадам. Бұл бастамалар тек теориялық жоба күйінде қалмай, нақты өнімге айналып жатқаны қуантады.

С.БАҚБЕРГЕН
Жамбыл облысы

Сенаторлар Түркістан облысындағы мақта өндірісіне алаңдап, үкімет басшысына депутаттық сауал жолдады. Сенаторларды алаңдатқан ақ алтынның жағдайы салалық бағдарлама мен арнайы заң қабылдауды қажет ететін деңгейге жеткен. Солай деген Мұрат Қадырбек бастаған бір топ сенатор Түркістан облысындағы мақта шаруашылығының мүшкіл халіне үкімет басшысының назарын аудартқысы келеді.

МАҚТАДА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ КӨРІНБЕЙ ТҰР

Премьер-министр Олжас Бектеновке жолданған депутаттық сауалда саладағы жүйелі мәселелер мен нақты ұсыныстар айтылған. Жалпы, Түркістан облысы – республикадағы мақта өсіретін жалғыз өңір. Мұндағы 25 мың агроқұрылымда 70 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Жыл сайын 120 мың тектар жерге мақта себіліп, 300 мың тоннадан астам шит жиналады. Дегенмен шаруалар өнімнен пайда көрмей, шығынға батып отырғаны депутаттардың мәселе көтеруіне арқау болыпты.

Өндірілген өнімнің 85%-ы шетелге шикізат түрінде жөнелтіледі екен. Елде мақта талшығын өңдейтін үш-ақ зауыт бар, олардың ел нарығындағы үлесі – небәрі 15% ғана. Өңдеу қызметінің құны да тым жоғары. Қытай мен Өзбекстанда – 40–60 мың теңгеге шығатын қызмет біздің елде 150–170 мың теңгеге дейін барады. Бұл жағдай шаруаларға ауыр салмақ түсіріп отыр.

Сонымен қатар бізде өндірілетін талшық ұзындығы 20–25 см-ден аспайды, ал әлемдік нарық 35–60 см аралығындағы талшықты жоғары бағалайды.

Мәселе мұнымен бітсе қане?! Сапалы тұқым тапшылығы да негізгі түйткілдердің біріне айналған.



Өйткені «Тұқым шаруашылығы туралы» заң орындалмай жатыр. Мақта майына немесе мал азығына ғана жарамды шиттер келесі жылға арналған егістік тұқымымен араласып кетеді. Оның себебі, бақылау әлсіз.

Сенаторлардың сөзінше, осындай қиыншылықтардың салдарынан AZALA Textile секілді кәсіпорындар ішкі нарықта өнімін сата алмай отыр. Фабрика биылғы наурыздан бастап жұмысын тоқтатқан. Бұл кезде ұлттық компаниялар жыл сайын шетелден миллиардтаған теңгеге тоқыма тауарларын сатып алып жатыр. Бір ғана «Қазақстан темір жолы» өз-өзін мақта-мата тұрғысынан керек-жарағына 40 млрд теңгеден астам қаражат жұмсайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында офтейк келісімшарттарды кеңінен қолдану қажет екенін айтқан еді. Алайда бұл жүйе әлі жолға қойылмаған. Жүйеде кемшілік болғаннан кейін отандық өндіріс қолдаусыз қалған.

Премьер-министр биыл наурызда Қытайдың Xinjiang Lihua компаниясымен 200 млрд теңгеден астам инвестиция көлемінде мақта-тоқыма кластерін салу туралы келіссөз жүргізген еді. Соның қорытындысы бойынша 10 зауыт салу жоспарланған. Депутаттар бұл жобаның шаруалар үшін қаншалықты тиімді болатынын нақтылауды сұрап отыр.

Қалыптасқан жағдайға байланысты сенаторлар мәселенің шешім жолын ұсынып отыр. Айтуларына қарағанда, алдымен, мақта шаруашылығын дамытуды арнайы заң ғана реттей алады. Шаруа қожалықтарынан өнім сатып алу үшін тұрақтандыру қоры қажет. Аграрлық несиелердің қайтару мерзімін өнім сатылғаннан кейінге шегермесе болмайды. Мақта кластерін қалыптастыру жұмысы жергілікті органдармен үйлестірілгенде ғана лайықты орындалады. Ал сапалы мақта өндірісін жолға қою үшін салалық бағдарлама қабылдау керек. Қазір жоғары сұранысы болып тұрған Азия елдеріне экспорт бағыттарын кеңейткен жақсы. Оның қасында отандық зауыттарды офтейк келісімшарттармен қамтамасыз етіп отырған дұрыс деп санайды.

Бекбол АМАНГЕЛДІ
Түркістан облысы

ҚХА-НЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ. 300-ДЕН АСТАМ ІС-ШАРАҒА 40 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚАТЫСТЫ

Биыл Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы. Осыған орай Алматы облысында Достық үйлерін салу жоспарланып, 300-ден астам іс-шара жүзеге асырылмақ. Бұл жобалардың да мақаты ассамблеяның мақсатымен үндес – қоғамдық келісімді нығайту, этносаралық диалогты дамыту және бірлік құндылықтарын насихаттау.

Қазақстан әртүрлі мәдениет, тіл мен дін өкілдерінің ортақ шаңырағы. Жүзден астам этнос өкілдері бірлікте, әлеуметтік тұрақтылықта өмір сүріп жатыр. Бұл адамгершілікке, құрметке, тең құқықтылық пен өзара түсіністік қағидаттарына негізделген саясаттың жемісі. Ұлтаралық қарым-қатынастың тұрақты дамуы үшін күнделікті түсіністік пен бауырмалдықтан бөлек, мемлекеттің қолдауда да өте маңызды. Қазақстанда бұл тұрғыда бірқатар нақты бағыттар бар. Оларды жүзеге асыратын ресми институттар да дамыған. Соның ішіндегі бөрімізге белгілісі – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Оған биыл 30 жыл. Енді мерейтой қарсаңында өңір-өңірдегі жұмыс қыза түспек. Еске сала кете-

йік, ҚХА-ның 30 жылдығына орай елімізде және шетелдерде 1,5 млн адамды қамтитын іс-шаралар легі жоспарланып отыр. Олардың алғашқылары наурыздан басталып та кеткен. Мерейтой аяқталғанша түрлі форматтағы 150-ден астам іс-шара ұйымдастырылмақ. Еліміздің түкпір-түкпірінде 400-ден аса танымдық, әдеби-мәдени іс-шара өтеді. Тағы 25 жоғары оқу орны мен сараптамалық орталықтарында 34 ғылыми-тәжірибелік конференция, дөңгелек үстел, семинарлар ұсынылады.

Мәселен, жақында ғана Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында ассамблеяның XXX сессиясы өткен болатын. Жыл басынан бері өңірде 300-ден астам тақырыптық іс-шара



өткізілді, оған 40 мыңнан астам адам қатысты. Соның ішінде 34 этномәдени бірлестіктің өкілдері, аналар кеңесі мен ақсақалдар кеңесінің мүшелері, «Ассамблея жастары» жастар қанатының белсенділері, медиаторлар және азаматтық қоғам өкілдері бар.

Мерейтой жылы этносаралық келісім инфрақұрылымын дамытуға да ерекше назар аударылуда. Жоспар бойынша Қонаев қаласы мен Ұйғыр ауданында Достық үйлері салынады. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленіп жатыр. Сондай-ақ өзге елті өкілдері тығыз орналасқан Ұлтбасқару және Ұйғыр аудандарында ҚХА бөлімшелерін ашу жұмыстары басталып кетті. Бұл туралы облыстың баспасөз

қызметі хабарлады. Жыл соңына дейін өңірде этносаралық келісім, толеранттылық пен диалог идеяларын насихаттауға бағытталған тағы 8 ірі этномәдени жоба өткізу жоспарланған.

«Алматы облысында келісім, толеранттылық және ашық диалог бұрыннан өмір салтына айналған. Бұл – бізді күшті өрі біртұтас ететін басты құндылықтар. Қазақстан халқы ассамблеясы – бірлігіміздің және көптүрлілікке деген құрметтің нышаны. Мерейтойлық жылы біз мәдени бастамалармен қатар инфрақұрылымды дамытуға да ерекше көңіл бөліп отырмыз», – дейді облыс өкімдігінің өкілдері.

Альфия ЖӘНІБЕКЗЫ
Алматы облысы

Хабарландыру

ҚР ЭТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ ҚР Экологиялық Кодексі 87-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 бұйрығының 4-тарауына сәйкес Ақпараттық жүйеде «Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 2025–2029 жылдарға Басқару жоспары» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылау 2025 жылдың 11 маусымынан бастап 20 жұмыс күні ішінде <https://scoportal.kz> бірыңғай экологиялық порталында (БЭП) өтеді.

Ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген ке-

зеңде <https://ecoportal.kz> БЭП немесе жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы prigoda@zhetyysu.gov.kz және жобалаушының электрондық поштасы alatauark@mail.ru мекеңжайы бойынша қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы және жобалаушы: «Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, Алматы облысы Талғар ауданы Талғар қаласы, Мүлік Сүртібаев көшесі, 1/1-ғимарат, БСН: 960540000718, e-mail: alatauark@mail.ru, тел.: 8 (727) 297 0772.

Жергілікті атқарушы орган: «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қонаев қ., Алматы көшесі, 54, тел.: +7(7272) 2 32 27, e-mail: prigoda@zhetyysu.gov.kz.

РГУ «Иле-Алатауский государственный национальный природный парк» Комитета лесного хозяйства и животного мира МЭПР РК в соответствии с п.4 ст.87 Экологического Кодекса РК, главой 4 Приказа и.о. Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 3 августа 2021 г. № 286-Об утверждении Правил проведения общественных слушаний» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений в Информационной системе по проекту «План Управления 2025–2029 годы Иле Алатауского государственного национального природного парка».

Публичные обсуждения состоятся в период с 11 июня 2025 года в течение 20 рабочих дней на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz> и предложения принимаются в указанный

период на ЕЭП <https://ecoportal.kz>. либо на электронную почту местного исполнительного органа prigoda@zhetyysu.gov.kz и электронную почту проектировщика alatauark@mail.ru. По истечению данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор и проектировщик: РГУ «Иле-Алатауский государственный национальный природный парк», Алматинская область Талғарский район город Талғар, ул. Мүлік Сүртібаев, зд.1/1. БИН: 960540060718, e-mail: alatauark@mail.ru, тел.: 8(727)2970772

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», г. Конаев, улица Алматинская, №54, тел. +7 (7272) 2 32 27, e-mail: prigoda@zhetyysu.gov.kz.

Ескексіз қайық

1-беттен

Ресей делегациясын бастап барған Путиннің көмекшісі Владимир Мединский қойған талаптарды Украин тарапының қабылдауы мүмкін емес еді. Мединский Киевтен Донецк, Луганск, Херсон және Запорожье облыстарының қолдан кеткенін мойындауды талап еткен. Сондай-ақ Украина бұл талаптан бас тартса, Ресей Сумы және Харьков облыстарына шабуыл жасап, «мәңгілікке» соғысады деп қыр көрсеткен.

Мұндай орынсыз талап қойғанына қарап, сарапшылар келіссөзге келісу Кремлдің 9

базасы – Беляя (Иркутск облысы), Оленя (Мурманск облысы), Дяги-лево (Рязань облысы) және Ив-аново (Иваново облысы) нысанаға ілінді. Ту-95, Ту-22М3, А-50 сияқты ұшақтар жойылған. Х әлеуметтік желісіндегі Intelshizo арнасының ақпаратына сенсек, соққыдан кемінде 7 дана Ту-95 стратегиялық бомбалаушы ұшағы (тағы біреуі зақымданған), 4 дана Ту-22М3 стратегиялық бомбалаушы ұшағы, бір дана Ан-22 әскери-көлік ұшағы жойылған.

Қолда бар ақпарат бойынша, Ресейде шамамен 150 стратегиялық бомбалаушы ұшақ бар, оның 100-і пайдалануға жарамды. Дрон шабуылында шынымен 41

нұқсан келтірді, еліміздің ядролық қауіпсіздігінің төмендегенін көрсетеді» деп жазды. «Бұл ресейлік Перл-Харбор» деп аң ұрып жатқан сарапшылар да аз емес.

Операцияның маңызы. «Ресейлік Перл-Харбор» деген сөз бекер шығып отырған жоқ. Әскери сарапшылар операцияны ХХІ ғасырдағы ең әсерлі әрі тосын шабуылдардың бірі болды деп бағалап отыр. Олар 1941 жылы Жапония авиациясы АҚШ-тың Тынық мұхиттағы ең ірі әскери базасы – Перл-Харборға дәл осылай тұтқиыл шабуыл жасағанын айтып, «Өрмек» операциясын тарихи пайқастармен салыстырып жатыр. Символдық тұрғыда 1905 жылы Цусима бұғазында Жапония флоты Ресей теңіз флотын тас-талқан еткенін еске алып жатқандар бар. Ол шабуыл Ресей империясы үшін ауыр әскери және моральдық соққы болып, патшалық биліктің күйреуіне әсер еткен. Көпшілік ағаш контейнерге жасырылған дрондар «Троя аты» аңызын еске түсіретінін де айтады.

Украина қауіпсіздік қызметі бұл шабуылдан Ресей әскери авиациясы 7 миллиард доллар зиян шеккенін хабарлады. Сондай-ақ Ресейдің бірқатар ірі компаниясының акциясы құлдыраған. Мысалы, «Сбербанк» акциясы – 2,3 пайыз, «Газпром» акциясы – 3,1 пайыз төмендеді.

Ресейдің реакциясы. Ресей Қорғаныс министрлігі Украинаның әскери аэродромдарға шабуыл жасағанын растап, «авиациялық техниканың бірнешеуі өртенгенін» хабарлады. Сондай-ақ олар бұл оқиғаны «Киев режимінің лаңкестік өрекеті» деп атап, шабуылды терактіге балап отыр. ТАСС агенттігі әскери тергеушілер Украинаның Курск қаласындағы азаматтық нысандарға түнгі уақытта жасаған терактілік шабуылы бойынша қылмыстық іс қозғағанын хабарлады.

Ресейлік әскери блогерлер теория жүзінде мұндай шабуыл Ресейдің ядролық доктринасында жазылған «стратегиялық ядролық күштер нысандарына жасалған шабуылға ядролық қарумен қарымта қайтаруға болады» деген қағидаға сай келеді деп шулап жатыр. Бұл блогерлерге Путиннен жүққан өдет. Кремль қожайыны да қарсыластарын үнемі ядролық қарумен қорқытып жүреді. Бірақ бұл жолғы шабуылға байланысты рес-ми реакция білдірген жоқ.

Иркутск облысының губер-наторы Игорь Кобзев пен Мур-манск облысының губернаторы Андрей Чибис аймаққа украин дрондары шабуыл жасағанын растап, «шабуыл тойтарылғанын, ешкім зардап шекпегенін» ха-барлады. Украина мен Ресей тараптан ақпарат бір ізді емес. Украина тарапы қарсыласын ауыр шығынға ұшыратқанын айтса, Мәскеу «бірер дана ғана» техника шығынға ұшырағанын айтады. Қалай болғанда да классикалық әскери логикаға сыймайтын «Өр-мек» операциясы Украина мен Ресей арасындағы қақтығысты жаңа деңгейге шығарды.

2 раунд!

Осыдан бір күн өткенде 2 маусым кешке Ыстамбұлда Ресей мен Украина өкілдері арасындағы тікелей келіссөздің екінші раун-ды өтті. Келіссөз шамамен бір сағатқа созылды. Яғни тараптар 16 мамырдағы кездесуден де қысқа сөйлесті. Кездесу Босфор жағалауындағы Чираған сарайында өтті. Өткен жолғыдай ресейлік деле-гацияны Мединский, ал Украина делегациясын қорғаныс министрі Рустем Умеров басқарды. Украин тарапы құрлықта, теңізде және өуе кеңістігінде соғысты тоқтату, «бөрің бөріне» форматы бойынша тұтқын алмасуды, Ресей алып кет-кен 339 баланы қайтаруды, қайтыс болған сарбаздар денесін беруді талап етті. Сондай-ақ Украина делегациясы Ресей мен Украина президенттерінің кездесуін 20–30 маусымға белгілеуді ұсынды, кез-десуге АҚШ президенті де қатысуы қажет.

Ал Мәскеу Киевтің шартсыз атысты тоқтату туралы ұсынысы-нан бас тартты. Ресей Украинаға «майданның кей бөлігінде атысты 2-3 күнге тоқтатуды» ұсынған. Бұл «командирлер өз сарбаздарының мәйітін алып кетуі үшін» керек екен. Мединский Украинаның ба-лаларды қайтару туралы талабын мазаққа айналдырып, «Еуропа-дағы баласыз кемпірлер үшін қой-ылым жасамаңдар» деп мысқыл-даған. Financial Times басылымы кездесу барысында делегациялар қол алыспағанын, ымыраға келуге жол ашатын ешқандай ұсыныс жасамағанын хабарлады. Демек Кремльдің келіссөз алдындағы бопсасы да, Киевтің «Өрмек» опе-рациясы да қос тарапты татулыққа шақыра алған жоқ. Керісінше, соғыс өрті өршіп барады.

Әлназарова ТЕСТ САТЫП ЖҮР



Қазақстандық дәрігерлер біліктілік тестінен өтуге міндетті. Яғни ақ халат-тылар белгілі бір интер-валмен өз позициясына сәйкес тексеруден өтіп тұрады. Бұл педагогтардың біліктілік санатын көте-ру үшін тапсыратын тесті-леуіне ұқсайды. Мақсаты – денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыру. Ең қызығы, тестілеуге қатысу ақылы, оны еліміздегі 270 мыңнан астам медицина қызметкері өз қалтасынан төлейді.

Баян МҰРАТБЕКҚЫЗЫ

Әрине, кадр сапасын бақылау қажет. Осы орайда кеңінен қолданылатын әдіс – тестілеу. Бұл арқылы дәрігер-лердің біліктілік деңгейін анықтап, жетілдіруге болады. Логика қарапайым да түсінікті. Десек те, реализациясы шым-шытырық. Тіпті біліктілік тесті дәрігерлердің өзі үшін де жұмбағы көп тақырыпқа айналғандай. Ақпа-раттандыру деңгейі төмен, тестілеуді ұйымдастыру шикі, құжаттамалық рет-сіздіктер көп, жаңа біліктілік санатын, яғни категория алған мамандарға үсте-мақы беру жағы да түсініксіз. Мұның бәрі онсыз да әлеуметтік пакеті жоқ, жұмысы дұрыс ұйымдастырылмаған, жүктемесі көп дәрігерлер үшін қосым-ша салмақ. Әрі денсаулық сақтау жүйесі де кадр сапасы мен оларға төленуі тиіс бюджетті игеруде бұлыңғыр позицияда секілді. Соның бәріне қарамастан, дәрі-герлер тесттен өту үшін өз қалтасынан төлем жасауға міндетті.

Ұлттық тестілеу және емтихан ор-талығының ресми ресурсында арнайы «прайс-лист» те бар екен. Мәселен, мамандығы бойынша үш жылдан артық үзілісте болған мамандар, шетелдік ма-мандар мен шетелде білім алып келген дәрігерлер білім деңгейін бағалау блогы бойынша – 5 400 тт, дағдыларды баға-лау блогы бойынша – 6 200 тт төлейді. Ал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі барлар бірінші кезеңге дәл солай – 5 400 тт, екінші кезеңге – 17 200 тт, орта техникалық немесе кәсі-би білімі барлар екінші кезеңге – 14 200 тт, денсаулық сақтау саласындағы менеджерлер жалпы сомасы – 18 400 тт. Сол секілді біліктілік деңгейін, яғни категория беру үшін тестілеуге қатысу – 17 000–23 800 тт арасында, бұрын берілген біліктілік санатына баламалы біліктілік деңгейін беру тесті – 14 000, кәсіби құзыреттіліктерді бағалау тесті – 17 000 теңге.

Бірінші рет тиісті көрсеткішке жетпей қалса, қайталап тапсыру да ақылы болып келген еді. Шағым-дар мен пікірталас көбейген соң ғана ДСМ аталған емтихандардың «эко-номикалық қолжетімділігін» тал-дап, тестілеуден өтпеген жағдайда екінші рет тест тапсыру мүмкіндігі тегін берілетінін хабарлады. Оған қоса, 2025 жылдың басынан мейірби-келердің тестілеу төлемі 25 пайызға азайтылатыны айтылды. Оны тұтастай ақысыз негізге ауыстыруға не кедергі болып отырғанын кім білсін, әйте-уір, министр Ақмарал Әлназаровадан мәжіліс кулуарында осы мәселе ту-ралы сұрағанымызда «қарастырылып жатыр» деумен шектелді.

Қарастырылып жатқанын білген соң, мән-жайын анықтамақ болып ДСМ-ға ресми сауал жолдадық. Министрліктегі Ғылым және адам ресурстары департаменті өкілдері тесті-леудің жаттанды мақсаттарын айта келіп:

«Әдетте 5 жылда бір рет тап-сырылады. Кейбір жағдайларда, мы-салы, категория ауыстыру, қайта сер-тификаттау кезінде бұл жиілік өзгеруі мүмкін. Тестілеуге жоғары медици-налық білімі бар дәрігерлер мен орта медициналық білімі бар мамандар қатыса алады. Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу Ұлттық тестілеу және ем-тихан орталығы арқылы жүргізіледі. Емтихан орталығы берген мәліметтерге сәйкес, тестілеу толықтай тегін емес. Қазіргі таңда ДСМ-ның хаттамалық тапсырмасына сәйкес тестілеу мен ем-тихан ана мен бала саласындағы маман-дарға тегін», – деп жауап берді.

Алайда біздің «Тестілеуді ақысыз негізде өткізу тақырыбы күн тәртібінде

бар ма? Дәрігерлер біліктілік тестін қапанның бастап тегін тапсыра алады» деген сұрағымызға біржақты жауап жоқ. Нақтылау үшін жауапты әзірле-ген министрлік сарапшысы Альтимир Кимға да, құжатқа қол қойған Ғылым және адам ресурстары департаменті басшысының орынбасары Аян Мысаев-қа да хабарластық. Жауап алу мүмкін болмады.

Бұрын тегін болатын...

Ал медицина мамандары не дейді? «Жас Алашқа» сұхбат берген нейрохи-рург дәрігер Мыңжылқы Бердіқожаев:

«Дәрігерлер 10–14 жылғын білім алуға жұмсап, еңбек өтілін жинап, жұмысқа кіріскен күнде де орта есеппен 200–250 мың теңге айлық алады. Ешқандай әлеуметтік пакет те жоқ. Жұрт қатарлы МӘМС-ке жарна, тиісті салықтарды төлейді. Тіпті жалпы ква-лификациялық деңгейді тексеруден де ақылы түрде өтеді. Соның бәріне 250 мың теңгенен, отбасыңнан жырып жеткізесін. Иә, кейбір тәжірибелі дәрі-герлер 2–3 ставка алып та жұмыс істей-ді. Үй-жай көрмей, демалмай жүргеннің өзінде ары кетсе 550–600 мың теңге жалақы алады. Салыстырар болсақ, таксистер мен сұлулық салонының мамандары еш білімсіз де осыдан көп табады. Ал дәрігерлердің жалақысы мемлекеттік тарифтеуге тәуелді», – деп пікір білдірген.

Бұл айтылғандарға АҚШ-та меди-цина саласында бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қазақ дәрігері Садыр Шорманов та қосылды.

«Дәрігерлер өзінің категориясын дәлелдеу үшін әр бес жыл сайын тест тапсырады. Құны шамамен 21 мың теңгеді. Әркімше қарай, оны маман өз қалтасынан төлейді. Қателеспесем, дәрігерлерді қойып, резиденттердің өзі мемлекеттік емтиханнан ақылы түрде өтеді. Оның «пробный тестінің» өзі 3 800 теңге тұрады. Бес жылда бір рет болған соң дәрігерлер үндемей барып тапсыра салады. Амал жоқ. Бірақ тестілеу бұрындары тегін болатын. Оны неге ақылы еткені қызық.

АҚШ-та да дәрігерлер тестілеуден өтеді. 3, 5, 10 жылдық интервалмен. Ол мамандыққа байланысты. Мұнда да әр дәрігер өзі төлейді. Десек те, Қа-зақстандағы дәрігерлердің жалақысы мен мұндағы дәрігерлердің табысын салыстыру қиын. Әрі әдетте госпиталь-дар дәрігерлері үшін бұл шығындарды жауып отырады», – дейді маман.

Ал аты-жөнін жасырын қалдыруды сұраған денсаулық сақтау саласының маманы дәрігерлердің біліктілігін олардың өз есебінен тексеру әділетсіз деп есептейді:

«Мен дәрігер емеспін. Бірақ ден-саулық сақтау саласын ұйымдастыру бойынша қызмет істеймін. Осы сфе-раны ішінен көріп жүрген адам ретін-де айтқым келетіні, дәрігерлердің біліктілігін тексеруді олардың жеке есебінен өткізу әділетсіз. Он жыл білім алғанда алатын жалақылары тым аз. Талаптар жоғары, бірақ соған сай жағдай жасалған деуге де келмейді. Жүктеме көп, құжаттама мен цифрлық процестер қолды байлайды. Пациент-тер де бөріне жүзіні емес, алдындағы дәрігерді кінәлайды. Нон-стоп режим-де үлкен негативке төтеп беру де оңай емес.

Әрине, әркім өзі үшін жұмыс іс-тейді. Десек те, жалпы картина мен қалыптасқан жағдайды ескеру де керек. Тым құрыса дәрігерлерді тексеру тегін жүзеге асырылса болар еді. Мұндағы мәселе дәрігердің жалақысы мен оның қалтасынан шығатын шығында ғана емес, денсаулық сақтау саласының өз мамандарында деген құрметсіздігінде».

Aqnet қазақстандық денсаулық сақтау және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық кәсіподағының басшысы Бақытжан Тәжібай болса:

«Бұл мәселе өте маңызды екені сөз-сіз. Бұның алдында мейірбикелердің төлемін азайту туралы бұйрық қабыл-данар кезде де өз ұсыныстарымызды беріп, талқылауларға белсенді қаты-самыз. Бірақ бір нәрсені ескеру қажет, Ұлттық тестілеу және емтихан министр-лікке бағынбайды. Одан соң, салалық келісімде де көрсетілген, тестілеу құнын жұмыс беруші өтеуі керек. Дәрігер емес. Мекеме өз мамандарын бес жылда бір рет оқытып, тиісті сағаттарды атқарады. Одан соң тестілеуді өтеп береді. Десек те, түсініспеушіліктер өлі де бар. Бұл орайда дәрігерлер өз құқығын біліп, кәсіподақпен бірге жұмыс берушіге талап қоя алуы тиіс», – дейді.



мамырдағы Екінші дүниежүзілік соғыстың 80 жылдығына арналған әскери шеруді ың-шыңсыз өткізіп алу үшін жасаған уақытша маневрі деп бағалады. Өйткені 16 мамырдан кейін Киевке бағыт-талған шабуылды үдетіп жіберген. Келіссөзден кейінгі аптада Ресей Украинаны дрон және зымыран-дармен толассыз соққылап, ша-буыл рекордтық деңгейге жетті. Мысалы, үш күнде Мәскеу Украина аумағына 996 дрон мен зымыран атқан. Ал 25 мамырда бірден 298 дрон ұшырды. Салыстыру үшін айтсақ, Ресей бұрын күніне 30–40 дрон ататын, қазір оның саны бір-неше жүзге жетіп отыр. Украина барлау қызметі Кремль алда бір мезетте 500–1 000 мың дронмен шабылдауы мүмкін деп болжайды.

Мәскеу сұрапыл шабуыл мен бетпе-бет келіссөздің 2 мау-сымдағы екінші раундына да-йындықты қатар жүргізді. Бұл Путиннің ішкі есебі болатын. Ол шабуылды үдетіп, Киевті теңсіз келісімге итермелегісі келетіні көрініп тұрды. Өйткені Украина мен Трамп әкімшілігінің өтініші-не қарамастан, Мединскийдің келіссөз процесінен шеттеткен жоқ. Ол тағы да ресейлік делега-цияны Ыстамбұлға бастап баратын болды.

Сондай-ақ 28 мамыр күні Reuters агенттігі Путиннің соғысты тоқтату үшін қойған шарттарын жариялады. Кремль Киевке ғана емес, Бағыс елдеріне де қазақ шарт қойған. Яғни НАТО-ны шығысқа қарай кеңейтуді тоқтатып, Ук-раина, Грузия, Молдова сияқты бұрынғы КСРО елдерін НАТО-ға қоспауды, Украинаның бейтарап мәртебесін заңдастыруды, елдегі орыстiлдi халықтың құқықтарын қорғауды, Ресейге салынған кей санкцияны алып тастауды талап етті.

Украинаның тосын сыйы

Осы аралықта Украина тарапы да қол қусырып қарап отырмапты. 2 маусымдағы келіссөз алдында Мәскеудің қысым көрсету так-тикасына қарсы қарымтасы бар екен. Киев 1 маусым, жексенбі күні соғыс басталғандан бергі ең ірі шабуылын ұйымдастырды. Сарапшылар мен көпшілік бұл шабуылды әскери тарихқа енетін мүлде жаңа соғыс тактикасы деп бағалап отыр.

Украина жаздың алғашқы таңында «Өрмек» («Паутина») операциясын ұйымдастырып, Ресейдің бірнеше өңіріндегі стра-тегиялық маңызы бар әскери өуе базасына дронмен шабуыл жа-сады. Украина қауіпсіздік қыз-меті шабуылдан «Ресейдің негізгі аэродромдарында тұрған қанатты зымыран тасымалдайтын ұшақ-тардың 34 пайызы, яғни 41 ұшағы зақымданды немесе жойылды» деп хабарлады.

Ресейдің төрт ірі әскери өуе

Алыстағы таулар

Ұзақ жылғы әдебиет пен өнер саласындағы тарихи тұлғалардың өмірбаянын, туған топырағы мен өскен ортасын зерделеген тұстағы тәжірибемнен аңғарып, көңілге түйгенім, осы төңіректе әу баста жіберілген кемшілік атаулы бір автордан, екінші авторға кідіріссіз көшіп, қайталанатыны еріксіз қынжылтады. Бұл турасындағы жанды мысалды алыстан іздемей-ақ, Сырдың саңлақ сүлейі, Қарасақал Ерiмбет шайырдың өмірбаян дерегінің кейбір тұстарының кейінгі күнге дейін дәлдігі мен ақиқаты сақталмай бұрмаланып келуі дер едім. Айталық, Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты әдебиетші ғалымдарының дайындауымен жарық көрген «Айттыс» (Екінші том. «Жазушы», 1965 ж.) кітабының 657-і бетінде Қарасақал Ерiмбет 1844 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында туған делінген. Ақын өмірбаянына қатысты әу баста жіберілген олқылық араға отыз сегіз жыл салып, Қазақ Ұлттық энциклопедиясының бесінші томында (2003 ж.) қайталанды. Ерiмбеттанушылардың кейінгі зерделеуіне сүйеніп, шындыққа жүгінсек, шайыр 1850 жылы дүниеге келіп, 1911 жылы өмірден өткендігі (баласы Құлахметтің бертіндегі жазбасына сай) мәлім болды. Айтпағымыз, бұл бағытта нақтылық пен дәлдіктің ауылынан бір сәт те алыстамауымыз керек.

Ғани туған АРҒЫМАҚ ТӨБЕ

Биылғы 2025 жылы туғанына 175 жыл толатын Ерiмбет шайырдың өмірбаянындағы осы бір өттеген-ай ізі жерлесіміз, бауырымыз, Құншығыс және Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев ағамыздың дүниеге шыр етіп келген, туған топырағын нақтылау барысында да анықталып отыр. Мысалы, әр жылдары жарық көрген энциклопедиялық еңбекте «3.06.1902 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданында дүниеге келген» делінген. Осы бірсарындылық Қызылорда облыстық «Сыр елі» энциклопедиясында қайталанады. Дәлдігі мен нақтылығы басым түседі деген, Қазалы ауданының 70 жылдығына орай жарық көрген тарихи-танымдық «Ортаймаған қазаны – қасиетті Қазалы» кітабында («Атамұра», 1998 ж.) «Ғани 1902 жылы 3 маусымда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында (Қазалы уезі) өз есімімен аталатын ауылда Ғ.Мұратбаев ауылында дүниеге келген», – деп көрсетілді.

Әйтсе де кейінгі жылдары БАҚ-та Ғанимен бір дәуірде ғұмыр кешкен, жақын туыстарының нақтылыққа құрылған деректері жарық көре бастады. Соның бірі Шиелі кенті тұрғыны, жастар жетекшісінің немере ағасы Ағыбай Салықбаевтың сонау 1970 жылы қағазға түскен, «Ғани Арғымақ жайлауында туылған» атты сұхбаты жергілікті тілші С.Құрманбаевтың (С.Құрманбаев – Авт.) авторлығымен «Қазалы» газетінде (19.09.2012 ж.) ақын, журналист Ж.Мөкенаалының түсіндірмесімен жарық көрді. Ғани ағамыздың туғанына 110 жыл толу құрметіне орайластырылған аталған сыр-сұхбат көп жайттан хабардар етеді. Ата-санақ шежіреге жүгінер болсақ, Маябақ аталығының Қожетінен туған Салықбайдан Ағыбай, ал Мұратбайдан Ғани тарайды. Ғанидан төрт жас үлкендігі бар (1898 ж.т.) Ағыбай ағамыз ет-жақын інісі 1925 жылы 15 сәуірде Мәскеуде дүниеден озғанда елден жоқтаушы болып барған, топырақ салған адамның (жанында Ғанидың жұбайы Бақытжан мен жақын туысы Ерiмбетұлы Құлахмет бар) бірі. Сол Ағыбай ағамыз бұл естелігін 71 жасында тілшіге былайша жайып салған: «Мұратбайдың ең сұт кенжесі Ғани 1902 жылы бидай орағы кезінде бұрынғы Қазалы уезінің Қарақұм өңіріндегі Арғымақ деген жайлаудағы төбеде туылған. Ал мен сол кезде төрт жаста едім. Азындаулық өзіндік дәулеті бар Мұратбайдың ұлды болғанда бөйге беріп, ат жарыстырып, той-томалақ жасаған не жасамағанын жастығымнан болса керек, біле бермейтінмін» дей келіп, бертінде дертке ұшыраған Ғани інісінің хал-жағдайын сұрап, 1925 жылдың наурызында Мәскеуге барғанын, жанында болғанын баяндайды. Ізінше дендеген сырқаттан көз жұмған Ғанимен қоштасуға Мәскеуге барғанын хабардар етеді. Ұқыпсыздық салдарынан Ғанидың көптеген құжаттары, фотосуреттері,



жазған хаттарының жоғалып, қолды болғанын да айтады. Ағыбай ағамыз бертінде дүниеден озған. Кейінгі ұрпақтары Шиелі кентін мекендейді. Хош делік! Шығыстың шамшырағы атанған Ғанидың немере ағасы Ағыбай қарияның тарихи дәлдік үшін аса маңызды бұл ақпаратын ұзақ жыл ұстаздық еткен, тарихшы, өлкетанушы Үргенішбай Қуат ағамыз Ғ.Мұратбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай зерттеуден туындаған «Ғани ғұмырбаянына қатысты кейбір деректер» мақаласында «Өмірден өткен Қарасақалдың көнекөз қарияларының айтуына қарағанда, Ғанидың кіндік қаны тамған туған топырағы осы күнгі Арал қаласынан елу шақырым жердегі Тоқабай елді мекенінің шығыс жақ бетінде жатқан Арғымақ төбенің маңайы. Бұрынғы «Жіңішке құм» кеңшарының директоры Қоңырбай Рыстығұлов ағамыз 1986 жылы Арғымақ төбеге бөктерлес жатқан құмды бұйрат қойнауындағы Қаракөз деген су қайнары атқылған нулы жерге жаңа қора (баз) салдырып, Ғаниға аталас туыс болып келетін Қожақ деген ақсақалға бір отар қой бағуды бекітіп береді. Елдік шежіре, тарихты жетік білетін зерделі басшының бұл шешімі Ғаниды еске алудың бір мүмкіндігі болған. Біздің ата-бабаларымыз көшпенді заманда осы жерлерді қоныс еткен. Ғани да осы жерде туған еді» деп айтып отыратын.

Бел мен жер тарихының білгірі Үргенішбай замандасымыз жоғарыда сөз болған Ағыбай ақсақалдың айтқанын толықтырумен қатар, сол құнды деректі көзін көрген, дәмдес болған, білікті шаруашылық басшысы Қоңырбай ағамыздың қисынды дәлелдерімен жетілдіріп, байыттып отырғаны қуантады. Бүгінгі таңда құнды жарияланымдары арқылы қазіргі ғанитанушылар қатарын толықтырып отырған жергілікті қаламгер жақында әлеуметтік желі арқылы (уатсап) жолданған Арғымақ төбе бейне көрінісіне орай білдір-

ген ой-пікірі мынадай: «Иә, біздер бұл мекенді Арғымақ төбе дейміз. Ылдиында Мұратбай болыстың бір ғасыр бұрынғы Қаракөз деген қыстауының орны сақталған. Осы жерді Қоңырбай аға маған көрсеткенде әу басында сулы бұлақ болған дейтін. Әрі қарай жағалай беретін болсақ, Орысбай жазығы (Мұратбайдың туысы – Автор.), Бектас пен Құлыс базы, Қаратаз, Жандос, Төргім батыр моласы, т.б. жер атаулары болып кете барады. Ұзындығы 12 шақырым құрайтын Жанту тақыры, қасында Ұябай кесенесі бар. Бәрі де Қарасақал аталығының қоныстары болған». Үргенішбай Қуат ағамыздың бұл пікірі жоғарыдағы деректемелік мәліметті толықтыра, нақтылай түседі. Бұған біздің алып қосарымыз: «Болашақта осы төбеге Ғани ағаның

ӨЛМЕС

Жақсы өмір үшін қаламымен күресіп, жаңа дә өршіл сезімді жырлаған, жасампаз идеяға иланып еңбек еткен жаңа адамдар бейнесін жасаған «Менің бақытым, қуанышым бүкіл елдік болады, Мен жасаған жаңа өмір жайнап өседі, жанады» деп сенген жиырма үш жасар ақын, жазушы Саттар Ерубәев артына аяқталмаған, бірақ бәрібір өлмейтін жалғыз да дара, ерек романын, әлденеше сезімшіл өлең, балладаларын, әңгімелерін, фантастикалық туындысын қалдырып, 1937 жылғы 2 маусымда дүниеден өтті.

Осы күні – 1994 жылғы маусымның 2-сінде, туғанына сексен жыл толатын жылда, Алматыдағы қалалық зираттың кіреберісіне тақау жерге Саттарға ескерткіш-құлыптас орнатылды. Ескерткішті С.Ерубәев атындағы «Саттар» әдебиетшілер қауымдас-тығы қойған-тын.


Біздің ұрпақ Саттардың әйгілі романын да, тамаша поэзиясы мен әлденеше жанрда қалам тербеулерін де негізінен үлкен әдебиет зерттеушісі Тұрсынбек Көкішев құрастырып, 50-жылдары шығарған жинақ арқылы таныған-тын. Ал «Менің құрдастарым» тұңғыш рет Саттар қазасына екі жыл болғанда, 1939 жылы латыншаланған әліп-бимен басылып шыққан еді. Иә, жазушы өмірден өткеннен екі жыл кейін. Сол заманда бас-пасөзде, Жазушылар одағында жауапты қызметтер атқарған ақын Дихан Әбілов: «Қолжазба бізге Қарағандыдан поштамен келіп түскен-ді» деп еске алған болатын...

60-жылдары Саттардың өмір жолы мен шығармашылығын арқау еткен ғылыми диссертация қорғалды, 70-жылдары жаңа зерттеулер, естеліктер көптеп жарық көрді. Осы жолдар авторының сол жылдардан бас-талған түрлі жазбалары Саттар шығармашылығын сүйіп өскен қалам қайраткерлерінің бірі Балжан Хабдинамен бірлесіп, жастардың сүйікті жазушысының 100 жылдығы құрметіне шығарған «Саттар Ерубәев. Шығармалары» кітабына енді...

Саттар Ерубәевтың шығармашылығын Ұлжалғас Есімова сынды жекелеген ізденімпаз, жаңашыл педагогтар оқу үдерісінде, оқу-тәрбие жұмыстарында пайдаланып жүр. Саттардың немере қарындасы Ұлжалғас Өшімқызының көп жылдар бойы Шымкент қаласындағы

Бөйсейітова, аса көрнекті композитор, қоғам қайраткері Мұқан Төлебаев, ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов, минералогия ғылымдарының докторы, академик Қаныш Сәтбаев, ақын, өнші-композитор, домбырашы Иса Байзақов, әйгілі актер, режиссер, КСРО Халық әртісі Шәкен Айманов, актер, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, КСРО Халық әртісі Қалыбек Қуанышбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабай Шаяхметов, қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер Ахмет Жұбанов, революционер Әліби Жангелдин, әйгілі өнші Әміре Қашаубаев, атақты күйші Дина Нұрпейісова және басқа да Қазақстанға еңбегі сіңген тұлғалар, жақында ғана қоғам қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Мұхтарұлы Әуезов жерленген.

Соларды нұсқап, баршасы хақында қысқа ақпарат беретін жол нұсқағыш жасау қажет-ақ.



№24 Саттар Ерубәев атындағы мектеп-лицей директоры қызметкен іс-тәжірибесі республика бойынша мектептерге кеңінен таратылды. Бүгінде шымкенттік мұғалима Гауһар Алтекова мектеп ұстаздары арасындағы саттартанушылық істерді алға апаруда.

Алматы қалалық қабіратанның Саттар Ерубәев құлыптасы жанынан өтетін жол ұлтымыздың сонда, Орталық зиратта тыншыған біртуар ұл-қыздары жатқан орындарға бастайды.

Онда жаһандық соғыс майдангерлері мен тыл ардагерлері, сондай-ақ әйгілі өнші Күләш

Бір кезде бұл істі осы уақытқа дейін ескерілмей жүрген Алаш арыстары мұрасын жарыққа шығаруды батыл қолға алып, көпшілікті сүйсінткен жақсы істерімен көзге түсіп жүрген «Қыр баласы» қорының жас зерттеушілері қолға алғанын естіп, қуанған едік. Алайда іс өзирге тынақталмай тұр. Дегенмен үміт үзбейміз, өйткені ондай істің танымдық, тәрбиелік мәні зор.

Саттар бейнесі, Саттардың шығармашылығы, оның мәңгі өлмес «Менің құрдастарымы» жас ұрпаққа әрқашан шамшырақ іспетті қызмет көрсете берері ақиқат.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ
тарихшы

Қараша ҚАРАМАН
журналист

Насыр

Мына бір аудан күннен күнге көркейіп, дамып келе жатқанын көріп қызықпаған қонақ жоқ шығар. Райымбек көшесімен зуылдап кетіп бара жатып, әуелі малдас құрып отырған абыздардай Алатау шыңдарына, сонсоң барып етегін жауыннан соң жайлаған саңырауқұлақтардай қаптаған үй нысандарына көзің түседі. Бір-бірімен «кім ұзын» деп иін тірескен балалардай жарысқан нысандардың санында есеп жоқ. Көкке мойын созып, бой көтерген — өне-міне ұшып кететін ракета сияқты.

Алайда тұман мен түтін шөккен қаланың еңсесі қашанда пәс. Содан да шығар, бұл жақ тұрғындарының қабағы ашылып, күліп жүргенін жиі көре бермейсің. Бұл қалаға сонау Шымбұлақтан қарасаң, шалқып жатқан теңіз бе дерсің. Тау етегіне толқын-толқын бұлттар соғылып, кері теуіп, мұңайған Алматыны күн шуағынан қызғанып тұрғандай. Ал бұлт-теңізді



Қабырғалар сөйлегенде

(ӘҢГІМЕ)

тіліп, арасынан басы қылтып көрінген биік мұнаралар мен нысандар — құдды бір айсберг.

Көп үйлер аласа, енді бірі әжептәуір биіктеп қалған. Ал тағы бірі жетер жеріне жетіп, өзінен төмен үйлерге өктемсі көз тастайтын сияқты. Кішкене үйлер кішкене баладай ересек үйлерге жәулетпей қарайды.

— Сендердің замандарың рақат, — деп бастайды қашандағыдай ересек тамдар әңгімесін. — Біздің кезімізде не бір ағаш, не бір қарауыл болмайтын. Ал сендерге қазір қарасам, тұрғындар ауаларыңды тазалап, күтім жасайды. Қазіргі заман керемет, тап-таза, жып-жылтыр, бөрі бар, — деді бір жағынан жаңа жас ғимараттарды қызғанандай, екінші жағынан өз тауқыметін еске алып. — Оның үстіне қазір шыны нысандар қаптап кетті. Біздікі сияқты тас қабырғалар бүгінде кемде-кем. Олар біз құсап жүз жыл, елу жыл тұра алар ма екен? Шытынап кетпей ме? — деді қарт ғимарат жаңа үйлерге сығырайған әйнек көзін ақырын қадап.

— Әй, Құдай сақтасын! Қайдағы жокты сен де айтасың-ау! Лайым, аман болсын! — деді екінші бір ғимарат ананың сөзіне налып.

Осылайша, кеш батса болғаны, терезе көздері жылтырап, мұң торлағандай болады. Өне-міне бұл үйлерді бұзып, орнына жаңасын салатындай көрінетін. Енді қайтсін, қанша замандастары келместің кемесіне мініп, КамАЗ-КамАЗ болып «сүйектерін» тасып өкетіп жатты. Бүгінде ескі құрдастардан қала орталығында бірен-саран ғана қалған. Олардың тілі басқа, бұл топырақта тұғанымен, бір-бірін түсінбейді. Олардың әңгіме төркіні көбіне сыздаған қабырғалары, қақсаған кірпіштері, ауырған іргетасы жайлы.

— Әйтпесе, өздері туралы айтып жатқанымызды естіп, ренжіп қалатын шығар, — дейтін бір үй.

— Ренжігені былай тұрсын, көшіп кетеді ғой, қара басып! Соңсоң отырамыз соқа басымыз сорайып, — дейтін екіншісі.

— Адамдар — біздің ішіміз-

дегі жан-дүниеміз ғой. Олармен өмір де қызық. Кім тұрмады, кім келіп, кім кетпеді мына қабырғамның түбінен? Мұны адамдар жүрек дейді ғой, — дейді бірі күліп.

— Біздің жас күніміз керемет еді ғой! Ол кезде уақыт та баяу, берекелі болатын. Ешкім ешқайда асыпайтын. Күні бойы әңгімелесетінбіз, ән айтып, жыр оқитынбыз. Жұмыс та істеп үлгеретінбіз. Ал қазір ше? Қазір жұрт бір-бірімен сөйлесуді қойды. Жүріс-тұрысы асығыс. «Үлгеріп қалсам» дейді. Кү дүние кімге жетті дейсің? Төлейінен асып қайда барады?

— Сондайда менің де адамдарға айтқым келеді: «Кішкене ентіктеріңді басып, аялданаршы! Қайда асығасыңдар? Одан да өмірді, өздеріңді танындар. Не істеп, не қойып жүрмің?» — деп өздеріне сұрақ қойындар. Денсаулықтарына мән беріндер!» — деп айтқым келеді. Бірақ олар мені қайдан естесін?

Бұл әңгіме арагидік бүкіл қала қойнауында жаңғырып тұрады, оны бірақ адамдар білмейді.

Қала ішінде үйлерді тонап, ғимараттарды қиратқан бұзақылар пайда болғанда, бейбіт тұрғындар арасынан оларды ажырата алмай қалған. Сондайда үйлер ашынып:

— Бүйткен қалада тұрмаймыз! Кетеміз! Адамдары азғындап, бұзақыланып кетті! — деп налыды.

— Мейірім, махаббат қалмады бұл жұртта! Кетейік, өз жөнiмiздi табайық! — деді бірі. — Бізде тұрады, бізді пана етеді, сөйте тұра есік-тереземізді қиратып, қабырғамызды өртейді!

— Біздің ішімізде өмір сүріп жатып, ойнастық жасайды, күнәға белшесінен батып, қылмысқа барады. Ол аздай, өтірік-өсек айтып, ішімізді сасытып бітті.

— Ұрыс-керісін айтпайсың ба? Жылаған балалар, жесірдің көз жасы ше?

— Мойнымызға шығып алып, өз-өздерін мерт еткендерге не дейсің? Ашынасын, зарлайсын, жаңбырлы күні жыйлайсын, бұлтты күні көздеріңді тұман торлайды...

Ақыры не? Бәріне көндігіп кетесің. Осы да жетер! Кетсек,

кетейік! — деп жамырады.

Сонда да ешкім ешқайда көшкен жоқ.

Ал қала сыртында темекі шеккен қариядай көмір жағатын үйлер әлі де бар. Олардың мұржаларынан түтін түтеп, түн баласы тынық аспанға сыр шертіп тұрғандай.

— Әй, менде тұратын кісі қиналып болды-ау! Кредиті бар, бала-шағаның нәпақасы бар... Жан-жақтан «ақша, ақша» деп алқымдайды.

— Ой, несін айтасың? — деді қасындағы кішкене қоржын там. — Менде тұратын пақыр да өлместің күнін көріп жүр. Аурушаң шешесі мен үш қызы бар. Олардың оқуы, ас-ауқаты, киім-кешегі тағы керек. Бұл байгүс таксилетіп, мына қаланы күніне үш-төрт рет шыры айналып келеді де, бір мызғып алып, қайта жұмысына аттанады. Тапқан-таянғасы көлігін жөндеуден де артымай жатады. Не істесін, ілініп-салынып жүр ғой, байгүс.

— Әйелі сол бойы келмеді ме? — деді бергі үйдің тамы мұндағы жайттардан хабардар болса да.

— Қайтып келсін, тастап кетті ғой. Бала-шағасын бәрін қалдырып, бақытын іздеп кетті.

— Ал бақыты осында еді ғой...

— Адамдар кейде ақымақ... — Ана бір көше басындағы еркек сөйткен-тін, — деді көрші там өзінің дертін ақтамақ сыңаймен, — ол келіншегіне балаларын қалдырып, бай бір әйелге ілесіп кетті. Естуімше, жағдайы жаман емес. Шетелде, теңіз жағасында коттеджде тұратын көрінеді.

Әңгімелері де жақын арада бітпейді, мұржаларынан шыққан түтін де алыстағы паровоздай будақтап, түтеп тұра береді. Алыстан қарасаң, қор-қорын шегіп, жантайып отырған қартамыс кісі құсайды.

— Олардың көңіл күйі, хал-жағдайы маған сіңіп қалғаны сонша, мен де кейде өзімнен-өзім қайғыра беретін болыппын.

— Мен де, — деді екінші бір үй, — біз адамдарға, ал адамдар бізге айналып бара жатқандай ма, қалай?!

Ал әлгі жаңа аудандағы

үйлер бір-бірімен жарысып, тез өскен жеткіншектей кәдімгідей бой көтерді. Көп өтпей барлығы теңесіп, қаз-қатар тізіле қалған. Құдды бір бақшадағы ағаштар сияқты. Кейде қамал құсап та кетеді. Көп өтпей бұл үйлердің іші малжанға тола бастады: у-шу, бала-шаға, кішігірім базар.

Есік алдына көлік сыймай, жаяу жүргінші жолына шейін шығып алатын. Інір түсе салысымен, көңілсіз терезелерден — қимастың жанарындай сығырайған жарық жанып жататын. Ауқат пісіріліп, кино көріліп, сондай бір жайлылық сезіледі. Неше түрлі терезе — нешеме жанардай аулаға қарап тұрады. Аулада тұрған кісі өзін құдды бір сахнада тұрғандай сезінеді, айнала қоршаған үйлердің терезелері бақырайып, мұны аңдып тұрғандай.

Иә, аядай ғана аулада балалар қыз-қыз ойнап жатады. Кейде сонша үй көп болғанына қарамастан, есік алды тым-тырыс, жалғызсырап қалады. Ондайда елегізіп, күйзеліп кеткендейсің. Ал биік үйлердің терезелеріндегі әлсіз шамға бір қарап, одан жоғарыға көз жүгірткенде, бірен-саран жұлдыздар орманды бақылап жүрген орманшының фонаріндей сығырайып жанады. Оларға қарап: «Жұлдыздар да аспандағы бір-бір үйдің шырағы емес пе екен? Ол жақта да осындай үйлер, осындай адамдар тұрса ше?» деген ойға қаласың.

Мына жаңа ғимараттардың да адамдар сияқты өз тағдырлары басталып кетті. 741-үй, 2-корпус қасындағы 742-үйге әңгімесін айта жөнелді.

— Қалай, сенде тұрғындар тыныш па?

— Несін сұрайсың? Тоғызыншы қабаттағы шал баянмен ән шырқаса, одан төмендегілер арақ ішіп, түнімен жұрттың мазасын алады. Одан төмен түссен, жас отбасы, күнде төбелес. Тағы бір қабат төмен түссен, студенттер тұрады. Қарқ-қарқ, бітпейтін күлкі. Жан-жақтағы көршілердің де тағдырлары әрқилы. Күйеуі жоқ жесірлер көп, балалары жуас.

— Бірі — жесір, бірі — студент, бірі — борышкер...

— Кейде подвезге қайыршылар кіріп те кетеді, жылу іздеп, бүрісіп отырады.

— Мысықтар ше, бар ма?

— Кіреберісте ме?

— Иә.

— Кейде кіріп, олар да жылынып алады, бірақ балалар қуып шығады. Осы балаларда қатыгездік қайдан болады-ей, таңғаласың!

— Менде де сол, көбі пәтер жалдап тұрады. Қатқан нанды жібітіп жейтіндер бар. Бірде аш, бірде тоқ. Тағы біреулері қарызға белшесінен батқан. Жағдайы жақсарып қалғандар да жоқ емес, төрт құбыласы түгел, қарапайым.

— Менде тұратындардың ішінде ондайлар некен-саяқ.

— Адам бұзылды ма, заман ба, кім білсін, әйтеуір өтіп жатқан өмір. У-шу, азан-қазан тіршілік. Халықтың пейілі тарылды ма, көршілердің бір-біріне сый-құрметі жоқ.

— Ой, айтпа, — деді інірге қараған терезесі жабырқап сала берді.

— Бұл адамдар бейбіт те тату өмір сүреміз дегенше, біздің ішіміз тынышалады дегенше қанша заман, неше ұрпақ ауысады екен...

Осылайша, қала ғимараттарының түнде де әңгімесі таусылмайтын.

— Сен білсің бе, жетінші қабатта тұратын тұрғыным бар ғой?

— Иә, Ержан ба?

— Нақ өзі... Кеше жаңа пәтердің кілтін алыпты.

— Көшем дей ме?

— Сөйтпекші... Жақсы болды, сондай салақ еді...

— Қайда көшпек?

— Жаңадан бой көтерген қала шетіндегі үйлердің біріне, — дейтін сонда көп үйлердің бірі.

Жаңа ауданның үйлері бір-бірімен жарыса өсіп келе жатыр. Оларға да ертең жаңа тұрғындар келіп, жаңа әңгімелер басталмақ.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Марапат


(ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА)

Өмірі бұйырмаған марапат аяқастынан келді. Үйбөй-ау деп қалдым. Студент кезден таныс, қазір үлкен бір мекемеде істейтін қыз хабарласып, ертеңгі іс-шараға келе қал, сені марапаттайды деді. Әйдік-әйдік екі мекеме бірлесіп өткізіп жатқан шара екен. Марапаттың ақшасы бар-жоғын сұрадым. Жоқ екен. Ойланып тұр едім, өзің келе алмасаң да, орнына адам жіберуіңе болады деді. Жақсы болды дедім де, бізге келіп-кетіп жүретін студент баланы жұмсадым.

Келесі күні ол бала барып, марапатты алыпты. Не екен деп суретін сұратып едім, «Тұманбай Молдағалиев атындағы Тіл жанашыры марапаты» деген жазуы бар, керемет қымбат рамкаға салынған бір дүние екен. Әлгі екі мекеменің аты бар. Болды. Менің аты-жөнім жоқ. Кезінде марапат, сыйлық деген жүйелі түрде берілген деп естігенмін. Әрқайсының құжаты бар, жанында ақшасы бар дегендей. Оны бір жерде айтсаң, мәртебең көтеріліп қалады екен, кәдімгідей. Алдымен мара-

нешеуін істеп алғаныңдар, тағы нешеуі бар, жыртқыс таратқандай тарата бересіңдер ме деп қоямын. Алайда олай жазған жоқпын. Тек мыналарыңыз қорлау ғой, жыл өкімі, жыл бизнесмені дегенді ұйымдастырсаңыздар, бұндай қылмас едіңіздер, ал тіл жанашыры дегенге не берсең де, жарай береді, енді келесі жылы ұйымдастырсаңыздар дұрыс істегіңіздер, бірақ қалай болғанда да мені енді араластырмаңыздар деп қана жазып жібердім. Осындай марапатты барып алып, сахнада тұрып рақмет айтқан, үйіне қуанып келген басқа тіл жанашырларын аядым. (Жалпы өзі тіл жанашыры деген сөздің өзі маған делкүл немесе ит ататын адам деген сияқты естіледі. Бірақ ол басқа әңгіме, әрине).

Сіздер бір адамға бір марапатты екі рет берген соң, бұл оқиға бітті деп ойлап отырған шығарсыздар. Мен де солай ойлағанмын. Алайда екі-үш күн өткен соң тағы бір адам хабарласты. Марапатты ұйымдастырған екі мекемеміз мемлекеттік емес, жекеменшік компа-



пат, сыйлық көбейіп, қадірі кетті, одан соң ақшасы жоқ сыйлық деген қалыпты нәрсеге айналды, енді, міне, марапатталатын адамның аты-жөнін де алып тастаған ба? Мынаны мақтанып біреуге көрсете де алмайсың ғой? Бір жерге ұмытып кетсем, тауып алған адам менікі деп таныстарына көрсетсе, менен не айырмасы болады?

Қой деп, ашуымды басып, шаруама кірісіп кеткенмін. Үш-төрт күн өткен соң, әлгі екі мекеменің біреуінен бір жігіт хабарласты. Сізге беретін сыйлығымыз бар еді, жігіттер апарып берсін дейді. Артынша әкелетін жігіті хабарласты. Апарып беруім керек те апарып беруім керек деп. Бір кездесуде отыр едім, біраздан соң әкелсең қайтеді дегенге де келіспей, қазір апаруым керек деп тұрып алды. Ал жарайды деп, отырған жерімді айттым. Бір жағы не әкеледі екен, қалып қойған аты-жөнімді бөлек әкеле жатқан жоқ па деп өзім де қызығып кеттім. Бір кезде жігітім келіп тұр. Қолында пакет. Ашып қарасам, тура сол үш-төрт күн бұрын берген сыйлықтары. Тек бұнысы Тұманбай атындағы емес, Нұрғиса атындағы екен. «Нұрғиса Тілендиев атындағы Тіл жанашыры марапаты» деп жазылыпты. Мынандайды маған бердіңдер ғой десем, менің шаруам әкеп беру дейді. Хабарласқан жігітке жаздым. Мынандай менде бар ғой, енді екеу болды, осымен болды ма, тағы бар ма дедім. Сөйтсем, сіздің сахнаға шыққаныңызды көрген жоқпыз, содан алмаған шығар деп ойладық, айып етпеңіз деп жатыр. Ішімнен, сонда бұндайдың

ниялар еді. Жалпылама мекеме дей салғанмын ғой. Әлеуметтік желіге де солай жазған едім (аттарын атаймай, осындай қызық болды деп қысқаша түртіп қойғанмын). Ал енді мына адамның мемлекеттік мекемеде кішігірім бастық екен. Әлеуметтік желідегі жазбамды көріп, сізге ондай марапатты қай мекемелер берді, аттарын атаңызшы деп жазып тұрған беті екен. Нақтырақ айтқанда, кеңсесіне тіліне салып, ақпарат бере аласың ба деді. Жоқ, бере алмаймын дедім. Енді жетпегені біреулерді сыртынан көрсетіп, домалақ арыз жазып отыруым еді. Бере алмаймын дегенмен қоймай, бұны көркем шығарма деп қабылдаңыздар деп жазып жібердім. Сөйтсем, сонда бұны сіз жарияламадыңыз ба, түсінбедім деп жазыпты. Тура осылай жазған. Кезінде НКВД-ның адамдарына Міржақып Дулатов бұл көркем шығарма ғой деген болса, тергеуші, сонда бұны сіз жазған жоқсыз ба деп сұрады ма екен? Проза қазак даласына енді келген кез ғой, сұраса, сұраған шығар. Бірақ одан бері бір ғасыр өтті ғой. Тілге қатысты мекемеде әжептәуір бастық деңгейіне көтерілген адам біреу көркем шығарма деп қабылда десе, сонда сіз жарияламадыңыз ба деп сұрағаны несі?

Осыны жазатын кезде мемлекеттік мекемеден хабарласқан адамға қайта жаздым. Негізі не үшін сұрап едіңіз дедім. Әу баста өтірік ақымақ болып, біраз сөйлесуім керек еді деп өкініп те қалған едім. Енді қайта сөйлеткім келді. Бірақ жауап бермей қойды. Жауап беріп жатса, сіздерге айтармын.

Арман ӨЛМЕНБЕТ

Спорт деген бір сиқыр

2025 жылы 27–31 мамыр аралығында Оңтүстік Кореяның Гуми қаласында жеңіл атлетикадан Азия чемпионаты өтті. 39 елден жиналған спортшылар 45 жүлде жиынтығын сарапқа салған. Бұл бөсекеде Қазақстан атынан 32 атлет бақ сынады. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 6 медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте 4-орынға тұрақтады. Біздің спортшылар 3 алтын, 1 күміс, 2 қола жүлдеге қол жеткізді.

ҚОСАНОВТАРДЫҢ ЖОЛЫН ДЖЕРУТОЛАР ЖАЛҒАЙДЫ

Алтын медаль «жаңа қазақтар» – Нора Джеруто (3000 метр кедергілер арқылы жүгіру, 5000 метрге жүгіру) мен Дейзи Джепкемейе (10 000 метрге жүгіру) бұйырды.

Айта кетерлігі, Джеруто өзі қатысқан екі жарыс бойынша да Азия чемпионатының рекордын жаңартты. 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіру бөсекесінде қазақстандық спортшы 9:10.46 минут нәтижесін тіркеді. Бұған дейінгі рекорд – 9:34.13 болатын. Оны 2015 жылы Үндістан спортшысы Лалита Бабар орнатқан. Сондай-ақ Нора Джеруто 5000 метрді 14:58.71 минутта жүгіріп өтіп, 2013 жылдан бері мұрты бұзылмай тұрған турнир рекордын (БАӘ спортшысы Бейлзем Десалегн – 15:12.84 минут) жаңартты.

Ал биікке секіру бөсекесінде Елизавета Матвеева күміс жүлдегер атанды. Ол 1.86 метрді бағындырды. Ясмينا Тоқсанбаева (20 шақырымға спорттық жүріс, 1:32:22 сағат) мен Дейзи Джепкемей (3000 метрге кедергілер арқылы жүгіру, 9:27.51 минут) қола медальге ие болды.

Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте Қытай (19 алтын, 9 күміс, 4 қола), Үндістан (8 алтын, 10 күміс, 6 қола) және Жапония спортшыларына (5 алтын, 11 күміс, 12 қола) есе жіберді. Қатар командасы бізбен бірдей нәтиже көрсетті (3 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль).

Джеруто жеңіске жеткен екі сында да бұған дейін қазақстандық спортшылар Азия чемпионы атанып көрмеген. Кениядан келген бұл спортшы біздің ел үшін бірнеше рекорд жаңартты. Мысалы, 2022 жылы Қазақстаннан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанды. Оған дейін Қазақстан жеңіл атлетикадан әлем чемпионатында алтын медаль алып көрмеген, еншімізде тек үш күміс пен бес қола медаль болған.

Даниал Ахметов шақырған шеберлер

Бірақ Джеруто мен Джепкемейдің жеңісіне қазақ жанкүйерлерінің іші жылы қоймайды. Биылғы Азия чемпионатында екеулеп жүріп, қоржынға 4 жүлде (үшеуі алтын) салса да көпшілік «мұндай медальдің қажеті бар ма» деп бас қатырып жатыр. Тіпті «мұндай алтынның барынан жоғы» деп қолын бір-ақ сілтеген ағайын да аз емес.

Қазақстан спорты тәуелсіздік алғаннан бері легионер шақырып, оларға көк паспорт таратудан шаршаған емес. Ал одан жеткен жетістігіміз шамалы. Әлем және

Азия чемпионатында жүлде алса да Джерутоларды жұрттың қабылдай алмайтыны содан. Мысалы, бұған дейін Қазақстан олимпиадалық спорт түрлеріне 126 шетелдік азаматты алған екен, олар елге небәрі 16 Олимпиада жүлдесін сыйлаған. Халық 16 медаль үшін 126 шетелдікке азаматтық беру ақылға қонымсыз деп са-

жоғары нәтижесі отандық атлеттердің нәтижесін жақсартуға және жас балалардың жеңіл атлетикаға келуіне ықпал етеді, елде жеңіл атлетиканың бұқаралық сипатын арттырады» деп үде еткен. Бірақ бұл үміт ақталған жоқ.

Даниал Ахметов Қазақстан жеңіл атлетика федерациясын 6 жыл басқарып, былтыр желтоқсанда 70 жасында қызметінен кетті. Оның орнын Олимпиада

чемпионы Ольга Рыпакова басты. Ахметов федерация басшысы ретінде шетелден легионерлер әкеліп, оларға Қазақстан азаматтығын беруімен ғана есте қалды.

Жеңіл атлетика жұлдыздары

Жеңіл атлетика – әлемдегі ең танымал және кең таралған спорт түрлерінің бірі. Бұл спорт түрі адам денсаулығын қорғау мен дене шынықтырудың негізгі құралы, ол физикалық қана емес, рухани дайындықты да талап етеді. Жеңіл атлетика жүгіру, секіру, лақтыру сияқты көптеген жарыс түрін қамтиды.

Жеңіл атлетика жарыстары алғаш рет 1896 жылғы Афина Олимпиадасынан бастап өткізіліп келеді, Олимпиада бағдарламасынан ешқашан тыс қалған емес. 1928 жылғы Амстер-



найды. Оның үстіне бұл спортшылардың 60 пайыздан астамы (79-ы) кейін туған еліне қайтып кетіпті.

Осы сәтсіз тәжірибеге қарамай, 2018 жылы сол кездегі Шығыс Қазақстан облысының әкімі әрі Қазақстан жеңіл атлетика федерациясының президенті Даниал Ахметовтің бастамасымен Кениядан бірнеше спортшы шақырдық. Нора Джеруто, Дэйзи Джэпкимэй, Каролин Кипкируи, Шэдрак Коэч және олардың бапкері Кеннет Кепниго Ротич Қазақстан азаматтығын алды. Олар Өскеменде құрылған «Алтай Атлетикс» клубына қосылып, ШҚО атынан өнер көрсете бастады. Бірақ Әлемдік жеңіл атлетика ұйымы (World Athletics) ережесіне сай, азаматтығын ауыстырған атлеттер үш жыл «карантинде» болып, 2022 жылдан бастап қана Қазақстан атынан халықаралық жарыстарға қатысуға рұқсат алды.


Джеруто 2022 жылы шілдеде Юджинде (АҚШ) өткен жеңіл атлетикадан әлем чемпионатында Қазақстан атынан өнер көрсетті. 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіру бөсекесінде 8:53.02 минут көрсеткішімен, әлем чемпионы атанып, турнир рекордын жаңартты. Қазақстан 1983 жылдан бері өткізіліп келе жатқан әлем біріншілігінде тұңғыш рет алтын медаль алды.

Бірақ осыдан кейін кениялықтар керемет нәтиже көрсете алмады. Әсіресе 2024 жылы Парижде өткен Олимпиада ойындарында Джеруто да, Джепкемей де қою шаң арасында қалып, сынға ұшырады. Осы желаяктарға азматтық берерде Ахметов басқарған Қазақстан жеңіл атлетика федерациясы «кениялық атлеттердің

танымал спортқа біздің елде қызығушылық аз. Халықаралық жарыстардағы нәтижеміз де көңіл көншітпейді. Париж Олимпиадасына Қазақстан атынан небәрі 7 спортшы барды. Оның ешбірі жүлде ала алған жоқ (арасында жоғарыда біз атаған кениялық легионерлер де бар). Ал 2023 жылы қыркүйекте Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен XIX Азия ойындарында 19 спортшымыз бақ сынап, 4 қола медальді қанағат тұтты.

Бірақ Қазақстанда жеңіл атлетика мүлде болмаған деп айта алмаймыз. Санаулы болса да, даңқты спортшыларымыз бар. Кеңес одағы кезінде КСРО құрамасы сапында бақ сынаған, еліміз егемендік алған соң жеке команда ретінде өнер көрсетіп, Олимпиада ойындарында, әлем және құрлық чемпионаттарында жүлде алған 70-тен аса спортшымыз бар.

Қазақ даласына жеңіл атлетика XX ғасырдың басында келгені белгілі. 1912-1913 жылдары ағайынды Смородинниковтар Семейде «Нептун» спорт клубын құрып, алғашқы жарыстарды өткізген. Алғашқы ресми жарыс – Бүкілқазақ-



стандық 1-спартакиада 1928 жылы Петропавл қаласында өткен. 1940–1950 жылдары Ольга Гиржон республикадағы алғашқы мамандандырылған жеңіл атлетика мектебін ашты. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары бұл спорт түрлі елде жақсы дами бастады. Спортшыларымыз бүкілодақтық чемпионаттарға қатысып, жүлде алып жүрді.

Қазақстан атынан алғаш Олимпиадаға қатысқан спортшы да, алғаш Олимпиада жүлдесін алған спортшы да – жеңіл атлет. Желаяқ Евгений Кадайкин 1953 жылы КСРО құрамасына қабылданып, 1956 жылы Мельбурндағы Олимпиада ойындарына қатысқан. Бірақ 3000 метрге кедергілер арқылы жүгіру бөсекесінде сынға түскен жерлесіміз жүлде ала алған жоқ.

Ал ең алғашқы қазақстандық Олимпиада жүлдегері – спринтер Ғұсман Қосанов. 1960 жылы Римде өткен ойындарда 4х100 метрлік эстафетада КСРО құрамасы күміс медаль алды. Қосанов әріптестері Л.Вартенев, Ю.Коновалов және Э.Озолинмен бірге Олимп тұғырына көтерілді. Даңқты желаяқ 1990 жылы дүниеден озды, оны еске алу мақсатында Қазақстанда жыл сайын ірі халықаралық турнир – Ғұсман Қосанов мемориалы өтіп тұрады.



КСРО-ның, Еуропаның бірнеше дүркін чемпионы, рекордсмен Әмин Тұяқовты да ерекше атап өтуге болады. Жақын қашықтыққа жүгірудің хас шебері Олимпиада жүлдесін алмаса да, Қазақстан жеңіл атлетикасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан.

Сондай-ақ Вениамин Солдатенко 50 шақырымға жүгіруден 1972 жылғы Мюнхен Олимпиадасында күміс медаль алған. Бұл қатарға даңқты

Владимир Муравьевті (спринтер, 1980 және 1988 жылғы Олимпиада чемпионы), Татьяна Лесоваяны (дискбол, 1980 жылғы Олимпиаданың қола жүлдегері), Виталий Саввинді (спринтер, 1988 жылғы Олимпиада чемпионы), Григорий Егоровты (сырықпен секіру, 1988 жылғы Олимпиаданың қола жүлдегері) қосуға болады. Соңғысы тәуелсіз Қазақстан атынан 1993 жылғы әлем чемпионатында күміс жүлде алған. Азия ойындарының чемпионы атанған.

Ал тәуелсіздік алған соң қазақстандық 3 атлет 5 Олимпиада жүлдесін жеңіп алды. Алғашқысы – атақты Ольга Шнигина. Ол 2000 жылы Сиднейде 100 метрге кедергілер арқылы жүгіру жарысында топ жарып, жеңіл атлетикадан Қазақстаннан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы атанды. Сондай-ақ ол әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері, Азия чемпионатының және Азия ойындарының жеңімпазы болған.

Шишигинаның жеңісті жолын 2004 жылы Дмитрий Карпов жалғады. Онсайсың Афинада қола жүлдегер атанды. Ол орнатқан Азия рекордын (8 725 ұпай) әлі ешкім бұзған жоқ. Әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, Азия ойындары мен Азия чемпионатында топ жарған.

Одан кейінгі 3 Олимпиадада Ольга Рыпакованың өнеріне тәнті болдық. Ол үш қарғып секіруден Олимпиаданың толық медаль жиынтығын жинады. 2008 жылы Бейжіңде – қола, 2012 жылы Лондонда – алтын, 2016 жылы Рио-де-Жанейрода – қола медальге қол жеткізді. Рыпакова – үш Олимпиадада қатарынан жүлде алған тұңғыш қазақстандық спортшы. Оның бұл жетістігін кейін дэюдошы Елдос Сметов қайталады (Риода – күміс, Токнода – қола, Парижде – алтын алды). Өкінішке қарай, жеңіл атлеттеріміздің жеңісті жолы 2020 жылы үзілді. Кейінгі екі Олимпиадада бұл спорт түрінен жүлде бұйырмаған жоқ.

Олимпиада ойындары, әлем чемпионаты, құрлық біріншілігі сияқты ірі жарыстарда үш және одан да көп рет жүлде алған бірнеше қазақстандық спортшы бар. Олар: Ольга Рыпакова – 11 медаль (үшеуі Олимпиада медальі), Владимир Муравьев – 7 (екеуі Олимпиада медальі), Григорий Егоров – 6 (біреуі Олимпиада медальі), Вениамин Солдатенко – 5 (біреуі Олимпиада медальі), Ольга Шишигина – 5 (біреуі Олимпиада медальі), Игорь Потапович – 5, Дмитрий Карпов – 4 (біреуі Олимпиада медальі), Олег Сакиркин – 4, Зоя Иванова – 3 медаль.

Шынын айтқанда, Қазақстан жеңіл атлетикасындағы жақсы нәтиже Кеңес одағы кезіндегі спорт жүйесімен тығыз байланысты. Көбіне КСРО кезінде спортқа келген, сол жүйеде қалыптасқан спортшылар жүлде салғанын байқау қиын емес. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары КСРО кезіндегі инерциямен тәуір нәтижеге жетіп жүрдік, бірақ кейінгі жылдары елде «спорт патшайымы» мүлде тоқырауға ұшырағанын байқаймыз. Рыпакова болмағанды XXІ ғасырдағы 20 жыл бойы Олимпиада ойындарына жүлдесіз қалар едік.

Бұған елдегі жеңіл атлетикаға деген қызығушылықтың төмендігі, менеджмент пен маркетингтің нашарлығы, инфрақұрылымның осалдығы әсер етіп отыр. Қазақстанда күні кешеге дейін жеңіл атлетикадан халықаралық турнир өткізуге жарайтын жалғыз стадион болды – Алматыдағы Орталық стадион. Бұл инфрақұрылымның

жайы мүшкіл екенін аңғартады. Мысалы, Өзбекстан жастар арасындағы Азия ойындарын өткізуге ниет білдіріп, ұлкен Олимпиада қалашығын салып жатыр. Ал біз 100 млрд теңге жұмсалған Олимпиадалық дайындық орталығын 18 жылда әрең салып болдық. Осы кемшіліктер тез арада оңалмаса, атлеттеріміздің ірі жарыстарда олжа салмасы анық.

Қуан ӨМІРХАН

Меншік иесі – «Жас Алаш» ЖШС		WWW.ZHASALASH.KZ.	Газет сұрыптау бөлімі «ЦЭП» ЖШС, тел. 8 (727) 397-50-60. Газет келмеген жағдайда осы нөмірге хабарласыңыздар
Директор-Бас редактор Алмас НҮСІП	Астана тілшілер қосынының жетекшісі Ербол ТҰРЫМБЕТ	Тарату бөлімі – тел. 8 (727) 339-99-57 (газетке жазылу бойынша) Мекенжайымыз 050002, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 50, 2-қабат «Квартал» бизнес орталығы	Жарнама бөлімі Телефон 8 (727) 339-99-57 Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Бас редактордың орынбасары Жақсылық ҚАЗЫМҰРАТУЛЫ	Әлеумет және саясат бөлімі Қарлығаш ЗАРЫҚҚАНҚЫЗЫ	Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 50, 2-қабат «Квартал» бизнес орталығы	■ Редакция оқырман хаттарына жазбаша жауап бермейді, оны қайтармайды. Автордың мақалалары, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. «Жас Алаш» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.
Жауапты хатшы Қуаныш ҚАППАС	Тілшілер: Баян МҰРАТБЕКҚЫЗЫ (Астана) Ақгүлім ЕРБОЛҚЫЗЫ (Алматы)	Қабылдау бөлімі – тел. 8 (727) 339-99-54 Электронды поштамыз: zhasalash100@gmail.com	ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (06. 02. 2008), ол туралы №8962-Г кәсілігі берілген. Газет «Гамма-Принт» ЖШС-ның баспаханасында басылды (Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369. Тел. 8 727-247-98-30). КӨЛЕМІ 4 БАСПА ТАБАҚ. ГАЗЕТ «ЖА» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Сайт редакторы Тұрсынбек БАШАР	Нұрболат ӘДИБЕК (Жамбыл облысы)	Газет аптасына екі рет – сейсенбі және бейсенбі күндері шығады.	Таспырыс – 792 Тираж 7215. Апталық тираж 14 430